Речь является средством приобретения, осуществления, развития и передачи профессиональных навыков.

Культура профессиональной речи включает:

- владение терминологией данной специальности;
- умение строить выступление на профессиональную тему;
- умение организовать профессиональный диалог и управлять им;
- умение общаться с неспециалистами по вопросам профессиональной деятельности.

Знание терминологии, умение устанавливать связи между известными ранее и новыми терминами, умение использовать научные понятия и термины в практическом анализе производственных ситуаций, знание особенностей стиля профессиональной речи составляют лингвистическую компетенцию в профессиональном общении.

Оценочное отношение к высказыванию, осознание целевой установки общения, учет ситуации общения, его места, отношений с собеседником, прогнозирование воздействия высказывания на собеседника, умение создать благоприятную для общения атмосферу, умение поддерживать контакты с людьми разного психологического типа и уровня образования включаются в коммуникативную компетенцию специалиста. В коммуникативную компетенцию входит как само умение общаться, обмениваться информацией, так и умение налаживать целесообразные отношения с участниками производственного процесса, организовать совместную творческую деятельность.

Умение контролировать эмоции, направлять диалог в соответствии с потребностями профессиональной деятельности, соблюдение этических норм и требований этикета составляют поведенческую компетенцию. Коммуникативное поведение подразумевает такую организацию речи и соответствующего ей речевого поведения, которые влияют на создание и поддержание эмоционально-психологической атмосферы общения с коллегами и клиентами, на характер взаимоотношений участников производственного процесса, на стиль их работы. Для успеха в профессиональной деятельности современному специалисту необходимо в совершенстве владеть навыками культуры речи, обладать лингвистической, коммуникативной и поведенческой компетенцией в профессиональном общении.

Для этого необходимы следующие качества:

- знание норм литературного языка и устойчивые навыки их применения в речи;
- умение следить за точностью, логичностью и выразительностью речи;

- владение профессиональной терминологией, знание соответствий между терминами и понятиями;
- владение стилем профессиональной речи;
- умение определять цель и понимать ситуацию общения;
- умение учитывать социальные и индивидуальные черты личности собеседника;
- навыки прогнозирования развития диалога, реакций собеседника;
- умение создавать и поддерживать благожелательную атмосферу общения;
- высокая степень контроля эмоционального состояния и выражения эмоций;
- умение направлять диалог в соответствии с целями профессиональной деятельности;
- знание этикета и четкость выполнения его правил.

Высокий уровень речевой культуры - неотъемлемая черта культурного человека. Совершенствовать свою речь - задача каждого из нас. Для этого нужно следить за своей речью, чтобы не допускать ошибок в произношении, в употреблении форм слов, в построении предложения. Нужно постоянно обогащать свой словарь, учиться чувствовать своего собеседника, уметь отбирать наиболее подходящие для каждого случая слова и конструкции.

Проблема «Язык и общество» широка и многопланова. Прежде всего язык социален по своей сущности. Основная его функция - быть средством, орудием общения людей. На базе этой функции и в связи с нею осуществляются языком и другие функции - воздействия, сообщения, формирования и выражения мысли. Можно сказать, что общество имеет такой язык, какой обществом создан, и использует язык так, как умеет и может. Влияние языка на общество усиливается вместе с развитием самого общества - это влияние возрастает по мере развития производства, техники, науки, культуры и государства. Язык участвует в организации труда, в управлении общественным производством, деятельностью учреждения, в осуществлении процесса образования и воспитания членов общества, в развитии литературы и науки.

Общество влияет на язык, но и язык, в свою очередь, влияет на общество, участвуя в различных областях жизни и деятельности людей.

Овладение искусством общения необходимо для каждого человека независимо от того, каким видом деятельности он занимается или будет заниматься, так как от уровня и качества его общения зависят успехи в личной, производственной и общественной сферах жизни.

Duman Rakhym,
The Geological Prospecting College, Semey
Teacher: A.G.Karimova

Interprofessional communication as the means of cooperation

Person's progress in life, his relationship with other members of society depends on ability to communicate.

Communication is an ability that professional geologists must have to interact successfully with colleagues, other professionals and the public. Spoken communication relies on interpersonal skills and the ability to convey information effectively, confidently and consistently.

Many of investigations use highly sophisticated scientific techniques and geological terminology and when combined with cultural and language barriers, social, political, religious or economic constraints that frequently exist, this makes it difficult to convey the correct message. Interprofessional communication helps to solve this problem.

Interprofessional communication represents a communication form in the professional sphere between the native speaker and the person who doesn't have knowledge of this language,

but has knowledge of terminology and professional vocabulary in the same (or similar area). Such vocabulary is often formed with using of the international word-formation elements which provide understanding and acquisition of basic vocabulary. The vivid example of such communication might be representatives of professions “geophysicist-technologist”, “geologist”, “drilling operator”, “ecologist” working in the different countries, but conducting active cooperation. Cross-cultural communications are necessary elements of professional relations. In this case people can’t know common language, but understand each other, using professional vocabulary in communication. Let’s consider such communication on a concrete example.

Common suffix in names of sciences:

English term	Russian equivalent
1. Geology	1. Геология
2. Ecology	2. Экология
3. Seismology	3. Сейсмология
4. Hydrogeology	4. Гидрогеология

The general suffix in names of sciences:

1. Hionosphere	1. Хионосфера
2. Atmosphere	2. Атмосфера
3. Geosphere	3. Геосфера

The Similar names of rocks and minerals:

1. Argillite	1. Аргиллит
2. Gabbro	2. Габбро
3. Granite	3. Гранит

The general suffixes in the names of professions:

1. Engineer	1. Инженер
2. Artist	2. Артист
3. Architect	3. Архитектор

Similar names of the geophysical equipment:

1. Radiometer	1. Радиометр
---------------	--------------

2. Cable	2. Кабель
3. Magnetometer	3. Магнитометр
4. Electrotest	4. Электротест

As you know it is necessary to pay special attention to professional vocabulary because it gives great opportunities for self-development, progress, improvement. Due to it we get an opportunity to establish useful, important, contacts which are necessary for successful work.

Eventually, Interprofessional communication occurs when students communicate with each other, with people and with the community in an open, collaborative and responsible manner. This type of communication builds trust amongst people and provides mutual respect.

Reference list:

1. <https://escarpmentpress.org/jpc> (Journal of Professional Communication)
2. <http://www.wrha.mb.ca/staff/collaborativecare/files/Competencies-5.pdf> (Interprofessional Communication)
3. <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/books/NBK2637/> (Michelle O’Daniel; Alan H. Rosenstein “Professional Communication and Team Collaboration”)
4. ANON. 2002. Dialogue with the public, practical guidelines. Research Councils UK. Developed for the Research Councils UK and the Office of Science and technology by People Science & Policy Ltd & Taylor Nelson Software, 53pages
5. FORSTER A. & FREEBOROUGH K. 2006. A guide to the communication of geohazards information to the public. British Geological Survey, Urban Geoscience and Geohazards Programme, IR/06/0009.

Оразқанов Ерасыл

Тарих магистрі

Мақала тақырыбы: Болашақ мамандардың кәсіби қызметтеріндегі тіл мәдениетінің маңызы.

Иманғалиева Г.С.

Көптеген ғалымдар өздерінің ғылыми зерттеулерінде атап өткендей, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі - мемлекеттік тіл болып табылады.

Мемлекеттік тіл - мемлекеттің барлық аумағындағы қоғамдық қатынастардың барлық салаларында әрекет ететін мемлекеттік басқару, заңнама, сот ісі, іс жүргізу тілі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі -қазақ тілі , сондықтан мемлекет пен қоғамның барлық тіршілігі осы тілсіз мүмкін болмайды. ҚР-да барлық ресми құжаттардың: заңдардың және әртүрлі бұйрықтардың, жұмысқа қабылдау туралы өтініштің және сауалнаманың, түсініктеме хаттар мен есеп-қисаптардың мәтіндері қазақ тілінде жазылады. Барлық осындай құжаттар түсінікті және екі мағынасы болмайтындай етіп жазылуы тиіс және

елдің әрбір азаматы осындай құжаттарды оқи алу керек және қажет болса өздері құрастыра білу керек.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі әртүрлі деңгейдегі билік органдарының қызметінде, сайлаулар мен референдумдарды дайындаған кезде, сот ісінде, нормативтік-құқықтық актілерді жариялаған кезде, географиялық нысандардың атауларын жазған кезде, Қазақстан Республикасы азаматының жеке тұлғасын куәландыратын құжаттарды рәсімдеген кезде, мемлекеттік ұйымдардың қызметінде, телерадио хабар таратуда, сондай-ақ мемлекеттік заңдарда белгіленген басқа салаларда және жарнамада қолданылуы тиіс.

Ал, енді осындай маңызға ие тіліміздің қолданысына назар аударайық.

Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. Қазіргі таңда, еліміз өз егемендігін алып, дербес мемлекет ретінде танылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бей-жай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз»-деген болатын. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғауына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» -деген Ахмет Байтұрсыновтың қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында ынтымақ-берекеміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Алайда, өз тіліміздің мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы өзіміз де, Отанымыз – Қазақстан! Тіл меңгеруде ата-ананың рөлі ерекше екені айтпаса да түсінікті. Әр отбасы уыз шағынан балаға қазақ тілін үйретуді қолға алса, бұл тілдің еш қиындығы жоқ. “Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас” демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. М.Шахановша айтатын болсам, қазіргі таңда өз тілін өгейсіп, «мәңгүрттеніп» жүргендер көп. Шынында қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз-ақ жәйт. Бірақ қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп қойып ауызекі сөйлеу мен жарнамада, іс қағаздарын жүргізу мен тәжірибеден өту, адамдармен қарым-қатынас барысында көп кемшіліктерге жол береміз. Бұған басқа емес, өзіміз кінәліміз. **(слайдтарды көрсету)**

Тіл мәселесі қазіргі оқу орындары мен қатар жұмыс орындарында өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Елімізде үш тілдік саясат орнатылған. Әрине ол жақсы, бірақ та, біз әлі күнге дейін Кеңес үкіметінің бір тілдік саясатынан арыла алмай жүрміз. Оған мысал ретінде заманауи оқулықтарындағы кейбір терминдердің қазақша атауларының жоқтығы... Егер де бұлай жалғаса беретін болса, болашақ та кез - келген жұмыс орындарында қазақ тілінің керексіз болып қалуына әкеліп соқтуы мүмкін. Бұл мәселенің дұрыс шешілуі үшін оқу- орындарын таза қазақ тіліндегі оқулықтармен

толтырып , қажет болатын басқа тілдегі оқулықтардың қазақша нұсқадағы аудармаларын шығару қажет. **Және аударма шала жансар ,нәрсіз болмай толыққанды болу керек.**

Тіл мәселесін алысқа апармай өзіміздің оқу орны 3-ші курста жіберетін өндірістік тәжірибеден өту барысы бойынша байқап көрейікші: студенттеріміз еліміздің барлық аумақтарына тәжірибеге барады , онда толтырылатын құжаттардың 80-90 пайызы орыс тілінде, келген кезде ғана қазақ тобы қазақша өткізу керек деп аударма бастаймыз.геологиялық есеп-сызбаларды, нақты түсініктерді орыс тілінде аламыз. Неге?? Барлық жұмыс орындарында мемлекеттік тілде сөйлейді, жазады деген арманның ауылы алыс, біз сонда мемлекеттік тілдің емес, қауқарсыз аударма тілдің ғана рөлінде жүрміз бе деген ой келеді, еріксіз. деп айта алмаймын

Тіл мәселесінің кемшіліктері геологияда ғана емес,кез - келген жұмыс орындарында кездеседі. Елімізде қандай бір жұмыс саласын алып қарасақ таза қазақша терминдерді қолданып жатқан жұмыстар аз. Себебі мамандарға басқа тілдегі терминдерді қолдану жеңіл түсуде, өйткені бұл мамандардың оқу орындарында алған білімдері қазақша емес .Сол себепті тіл мәселесін оқу орындарында ғана емес жұмыс орындарында да қозғалуы жөн. Қазіргі таңда көптеген өндіріс орындарымен қатар өнеркәсіптерде шет ел азаматтары көптеп кезлеседі . Бұл маман иелерін егерде біздің елде жұмыс істейтін болса, қазақ тілін міндетті түрде білуі қажет деген талап қою керек деп білемін. Жылдан -жылға елімізде шет елдің мамандары көбейіп келеді.,бұл тіліміздің жоғалуына бірден-бір себеп болады деп ойлаймын. Неге? Себебі елімізде дайындалып жатқан сауатты маман иелері өте көп , жұмыс орынына барған жас маман иесі барған жерінде басқа тілде сөйлейтін азамат болса ол да таза ана тілімізде сөйлейді деп айта алмаймын. **Неге қазақ тіл біздің мемлекетімізде өз статусына лайық емес? Бұл сұраққа менің жауабым мынандай:**

Статистика бойынша:

- Адамдар өз арасында қазақ тілінде сөйлемейді.
- Қазақ мектебін бітірген жастар орысша оқу мекемелеріне түседі.
- Мұғалімдердің қазақ тілі оқыту әдістемелері толыққанды емес.
- Қазақ тіліндегі оқулықтарда қате көп.
- Жұмыс орындарында қолданатын әдістемелер орысша немесе басқа тілінде жазылады.
- Қазақ халқының саны бүкіл тұрғылықты халықтың 50 пайызын құрайды, басқа ұлттар көп, орыс тілінде сөйлесуге сол сылтау боп тұр.

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Баяндамашы: Әлмішев Нұрболат Г-61 тобы, II курс студенті

Тілді білу, оны меңгеру дегеніміз – ол сол елдің сөз байлығын және мәдениетінің тереңдігін сезіну.Ал ол үшін аталмыш елдің мәдениетін, құндылығын тани білуіміз керек.Тілді неғұрлым көп білсең, соғұрлым жақсы.Әлем бізге жақынырақ, қызықтырақ және қол жетімді болады. Жеке тұлға болып даму, өз елінің тарихын және салт-дәстүрін білу, өзінің ойынды коммуникативті түрде жеткізе білу,жеке тұлға болып қалыптасып,

өздігінен жетілуге қол созу-бүгінгі таңда, білім саласында алдыға қойғылған басты мақсат. Тілді жақсы білу, ұғыну, басқаларға ұғындыра білу-сол елдің рухани байлығына жол ашады, және де адамдардың бір-бірімен өзара қарым-қатынаста болу үшін өте маңызды құрал.Әуел заманнан білеміз, елдің рухы мен кемеңгерлігі сол елдің мақал-мәтелдерінде, ал сол мақал-мәтелдерді білу тілдің тереңдігінбіліп қана қоймай, сол елдің мінезін және тәрбиесіндегі ерекшелікті түсінуге мүмкіндік берген.Әр елдің мақал-мәтелдерін салыстырсақ, бұл елдердің бір-бірімен ұқсастықтары көп екендігін байқауға болады.Мақал-мәтелдерде елдің бай тарихи тәжірибесі, мүмкіндіктері, сол елдің мәдениеті көрінеді.Мақал-мәтелді жөнді және орынды қолдану, сөз сөйлеуде қайталанбас өзіндік ерекшелік береді.

Жұмысымның басты мақсаты:Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерін зерттеп білу.

Тақырыптың өзектілігі: қазақ тіліндегі оқу-біліммен, өнерге, кәсіпке байланысты мақал-мәтелдерін салыстырып, анализ жасау, бір-бірінің арасындағы байланысын,тақырыптық ерекшелігін топтастыру. Қазақша ауызекі сөйлеудің өзі мәселе болып отырған шақта ұлт тәрбиесінің алтын қазығы боп саналатын сөз жауһары-мақалдардың мәні мен маңызын ашу.

Мақал-мәтелдердегі үлкен бір тақырып: оқу-білім туралы мақал-мәтелдердің маңызы жайлы.Оқуы жоқ кездің өзінде қазақ елі «Білімдінің күні- жарық, білімсіздің күні -ғаріп», «Оқу-инемен құдық қазғандай» деген мақалды жиі пайдаланған. Бұл мақал-мәтелдерде терең даналық, сонымен қатар көргенді ойлар берілген. «Кітап-білім бұлағы, білім-өмір шырағы» -деу арқылы ата-бабаларымыздың кітапқа құмарт деген насихаты ғана емес, өмірге қажеттінің бәрін біліммен үйренеміз, жетер жетістікке де апарар жол білім арқылы биіктейді, арман-мақсаттың орындалуына білімнің тигізер үлесі үлкен дегенді білдіреді. Қазақ елі «Жігітке жеті өнер аз»-дейді. Даусыз. Өйткені өнер иесі халықтың адамы, өнерпаз жанды бәрі жақсы көреді. Бұл тұрғыда баланы жас күнінен өнерге баулу үшін «Өнерлі бала сүйкімді». «Өнерлінің өрісі кең». «Өнерлі өрге жүзеді» деген мақал-мәтелдерді қолданамыз. Біздің мамандығымыз жер байлығына байланысты . Ал, қазақ халқы өзінің табиғи және пайдалы қазбаларымен де танымал. Бұрынғы кездерде-ақ, ақылды, білім мен өнерді, адам бойындағы бар асыл қасиетті нағыз байлық деп білген қазақ ол жөнінде қандай нақылдар қалдырған екен:

1. Ақыл-тозбайтын тон,
Білім-таусылмайтын кен.
- 2.Қына тасқа бітеді
Білім басқа бітеді.
- 3.Ойын түбі-от,
Ой түбі-алтын.

Белгілі классик жазушы М.Әуезов: «Мақал-мәтелдердің молдығы, олардың тамаша поэтикалық формасы, шебер түрде берілген терең, тіпті философиялық мән-мағынасы-осындай тамаша үздік шығармалар тудырған қазақ халқының өзінің де ақындық дарыны

мен даналығының анық айғағы»-деген болатын. **Ендеше, жұмысымның өзектілігін ашар мақал-мәтелдердегі екінші бір тақырып-** болашақ мамандарға қатысы бар-еңбек-байлық, кәсіп-нәсіп туралы болмақ.

1. Кәсіп, кәсіп түбі-нәсіп.
2. Жылай-жылай жер қазсаң,
Күле-күле су ішерсің.
- 3.Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болар
- 4.Байлықтың атасы-еңбек, анасы-жер.
- 5.Алтын шыққан жерді белден қаз.
- 6.Жері байдың- елі бай.
- 7.Еңбегіне қарай өнбегі.

Осы мақалдардың ішінде Жылай-жылай жер қазсаң,күле-күле су ішерсің-деген мақал әдемі айтылған. Жылау-күлу сөздері мағыналық сипаты бойынша антоним сөздер, алайда жылау арқылы еңбектің оңай болмайтынын, күлу арқылы қуаныштың, шаттықтың ерекше сезім екенін айтып тұр. Әрине, мақалды естігенде-ақ, жылағанның емес күлгеннің, адал еңбекпен өмір сүргеннің зор мәртебе екенін түсінесің. «Алтын шыққан жерді белден қаз»-дейді. Мұны таза алтын деп ұқпау керек. Мақалдың негізгі мағынасы-жақсылыққа ұмтыл, еңбекке талпын деген ойдан туған. «Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болар»-деген нақыл сөз осы тақырыпты қортындылап тұрғандай. Жақсы жұмыс істесең, кезіккен қиындықты жеңсең, сонда сен нағыз азаматсың деген мағынада айтылған. Бұл мақал бүгінгі студентке де, ертеңгі еңбек адамдарына да, қазіргі және болашақ бастықтарға да (оның ішінде геолог та, геофизик те т.б бар) арналған.

Мақал-мәтелдерді зерттеу барысында сол ұлттың өзіндік ерекшеліктері байқалады., яғни сол елдің мәдениеті, өткен өмірі, ұлттық дәстүрі т.б. Мақал-мәтелдердің шығуына ықпал еткен ол адамның әр түрлі іс әрекеттері салыстыру, ерешелеу, айқындау арқылы беріледі..

Үшінші назар аударатын тақырып: адалдық-адамгершілік қарым-қатынастар туралы мақал-мәтелдер туралы болмақ.

1. Жігіт жолдасынан белгілі.
2. Бір күн дәм татқанға қырық күн сәлем
3. Жақсыда жаттық жоқ
4. Сабыр түбі-сары алтын
5. Ала жіпті аттамағанның абыройы биік

Адам бойында болуы керек асыл қасиеттер: сыпайылық пен ізеттілік, үлкенді сыйлау мен кішіге қамқор болу, жақсылық жасай білу,достыққа адалдық, сабырлы , төзімді болу, жан , ар тазалығын бірінші орынға қою т.б ерекшеліктер басқалардан бізді үнемі биіктетіп тұратынын ұмытпайық!.

Бүгінгі конференция өзіміз оқып жатқан оқу орнының білікті басшысы болған М.Ә.Әлмұқановтың құрметіне арналып отыр. Өзінің саналы ғұмырын білім саласына арнаған аяулы ұстаз,шебер ұйымдастырушы, нағыз маман,бастамашыл, озық ойлардың иесі Марал Әлібекұлының бойында адами қасиеттің бәрі де болды десек артық айтқандық

емес. Оның дәлелі-артында қалған шәкірттері қуана жалғастыратын жарқын идеялары мен игілікті бастамалары. Зерттеген мақалдарымның ішінен Марал Әлібекұлының өмір жолы мен мәртебесінің біз үшін осынша асқақ болуын «Ала жіпті аттамағанның абыройы биік»-деген мақалмен түйіндегім келеді.

Осы үш тақырып бойынша қарастырылған мақал-мәтелдердің маңыздылығы туралы шығатын қортынды мынандай:

1. Мақал-мәтелдер адам өмірі мен тәжірибесінен алынған ғасырлардың жемісі.
2. Әр мақалдан әр елдің ұлттық болмысы, менталитеті көрінеді.
3. Мақал-мәтелдер заманға сай өзгеруі мүмкін. Яғни жаңа сөздер арқылы, жастар арасында қолданылатын жаргон сөздер арқылы берілуі мүмкін. алайда қандай мақал болсын өзінің бастапқы мәні мен мағынасын ешуақытта жоймайды.

Шаймұратова.Ш.А.,

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Жетекші: Ибраева.А.А

Ағылшын тілінде дұрыс сөйлеп жүрміз бе ?

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Шетел тілін оқытудың басты мақсаты — оқушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту» деп көрсетілген. Өйткені қазіргі нарық жағдайында шетел тілін, оның ішінде ағылшын тілін меңгеру, шетел тілінде сөйлей білу өмірдің өзекті мәселесіне айналды. Сондықтан өсіп келе жатқан ұрпаққа шетел тілін оқытуда әр түрлі әдістемелік жаңа тәсілдерді түрлендіре, күрделендіре түсу қажеттілігі туындап отыр [1,5б.].

Ағылшын тілі қазіргі заманауи нарықта маңызды орын алып тұрған тілдердің бірі, сондықтан ағылшын тілінде сөйлей білсеңіз сізге қай уақытта да көмегін тигізері анық. Ал тіл үйрену процесі кезінде бірталай қиындықтарға тап болатынымыз анық,сөздердің дыбысталуы қиынға соғып, тіпті қате дыбыстап та жүре береміз. Әрине, қате жіберу арқылы үйренетініміз рас, бәрі бірден тамаша болып кетуі мүмкін емес. Бірақ ағылшын тіліндегі әріптердің,сөздердің дыбысталуын бірден дұрыстап үйренсек, сөйлеген кезде де өте жағымды болмақ. Бәріміз білетіндей ағылшын тілінің сөйлеу мәнері,ырғағы бірнеше түрге бөлінеді,ал ең жиі қолданылатындары: британдық ағылшын тілі, американдық ағылшын тілі. Бір ауызбен ағылшын деп аталғанымен де бұл екеуінің бірталай айырмашылықтары да жоқ емес. Жалпы ағылшын тілінің фонетикасы күрделі кейбір дыбыстар созылыңқы айтылса,кейбірі тым қысқа айтылуы мүмкін, ал егер бір дыбыстан қате жіберсеңіз мүлде басқа мағынаны меңзеуіңізде мүмкін. Бұл ретте сізге фонетика сабағы көмекке келмек. Тек дыбысталу да ғана емес орфографиялық жағынан да біраз қиындықтар туындауы мүмкін. Мәселен, сөздің айтылуы қысқа болса дағы жазылуы ұзақ

болуы мүмкін. Американдық ағылшын мен британдық ағылшында сөздердің ырғақтары ғана өзгеше емес, сөздердің атауы да басқаша [2, 24б.]. Енді соған назар аударсақ:

Британдық	Американдық
Sweets	Candy
Candy floss	Cotton candy
Chips	French fries
Biscuits	Cookie
Loo	Bathroom
Telly	TV
Colour	Color
Grey	Gray
Rubber	Eraser
Post	Mail
Holiday	Vacation
Autumn	Fall, autumn

Бұл сөздердің барлығы бәрімізге таныс сөздер, ал жалпы әртүрлі айтылатын сөздер өте көп. Ал екі ағылшын да сөздердің дыбысталуы да әрқалай болмақ. Қай ағылшын тілін таңдап, сол мәнерде сөйлеймін десеңіз әрине өз еркіңізде. Негізі британдық ағылшын тілі таза әрі нақты ағылшын тілі болып саналады. Бірақ, бүгінгі күні американдық ағылшын тілінің танымалдылығы жоғарырақ.

Қай тілде болмасын дұрыс сөйлеу ол өте маңызды. Сенің сөзді дыбыстауың тыңдаушының дұрыс түсінбеуіне немесе қате түсінуіне тікелей ықпал етеді. Тамаша мәнер, керемет дыбысталу иесі болғыңыз келсе, ол үзбей дайындалу мен күшті талап етеді. Сонымен ағылшын тілінде дұрыс сөйлеуді қалай жетілдіруге болады. Бірден керемет ырғақпен сөйлеп кетесіз деп айта алмаймыз әрине дегенмен сіздің сөздерді дұрыс дыбыстап, әдемі айтуыңызға қолғабыс ете алатын бірнеше жолдары бар.

1. Өз өзіңізді тыңдаңыз!

Ағылшын тіліне енді машықтанып келе жатқан кезімізде, сөйлеуімізге аса мән бермей, жай ғана ойымызды жеткізуге тырысып жатамыз. Жалпы бұл қате нәрсе емес әлбетте, ойын жеткізуге тырысу ол да алға қарай бір қадам емес пе?! Бірақ көп жағдайда өзімізді тыңдамағанымыздың кесірінен көп сөздерді қате дыбыстап жатамыз, оны түзеуіміз қажет. Қалта телефоныңыздағы дыбыс жазу бағдарламасына өзіңіздің сөйлегеніңізді жазыңыз. Кейін тыңдап көріңіз, біршама қателіктерді лезде байқайсыз.

2. Асықпай сөйлеңіз !

Көптеген тіл үйренушілер тез сөйлесем, жақсы естіледі немесе таза ағылшын тілінде сөйлегендей боламын деп ойлауы мүмкін. Алайда мүлдем олай емес, ақырын сөйлеу арқылы сіз жақсы демаласыз, ойыңызды жинақтайсыз. Бір сөзбен айтқанда ақырын сөйлеу арқылы мінсіз ағылшын тіліне қол жеткізуіңіз мүмкін.

3. Өз өзіңізді көріңіз!

Яғни айнаның алдына тұрып, өзіңіздің қалай сөйлеп тұрғаныңызды байқаңыз. Бұл сіздің сенімділігіңізді арттырып қана қоймай, дыбыстарды дыбыстағанда ерініңіздің қалай қозғалатынын, ауызға қаншалықты салмақ түсетінін байқау үшін. Сол тілде сөйлейтін адамдардың видео жазбаларына қарап дайындалсаңыз, нұр үстіне нұр.

4. Ән айтыңыз!

Танымал әншілердің әніне қосылып ән айтыңыз. Бір жағынан демалсаңыз, екінші жағынан сөздерді дұрыс дыбыстайтын боласыз. Бұл әрі қарапайым әрі көңілді жолы болмақ.

5. Жалғыз дайындалыңыз!

Бөлмеде дыбыстарды қаттырақ айтып дайындалуыңызға мүмкіндік молырақ, сізге ешкім кедергі келтірмейді әрі өз дыбыстауыңызды өзіңіз жақсы ести аласыз. Сондықтан, дыбыстауыңызды жөндегіңіз келсе жалғыз дайындалғаныңыз пайдалы болмақ.

6. Өзіңізге шет елдік дос табыңыз!

Қазіргі ғаламтордың дамыған заманында шет елдік дос табу өте оңай әрі тиімді. Ғаламтордан Tandem, HiNative, Hello Talk сияқты бағдарламаларды көшіріп, әлемнің түкпір түкпірінен дос табуыңызға өте жақсы мүмкіндік бар.

YouTube арқылы әртүрлі пайдалы арналарға жазылып, ағылшын тілінде сөйлейтін адамдардың сөзді дыбыстауына, мәнеріне, өзін өзі ұстауына жіті мән беріңіз.

Осындай қарапайым әрі алтын ережелерді ұстансаңыз жақсы нәтижеге тез арада қол жеткізуіңізге болады. Тек ұялмаңыз, қорықпаңыз! Шет елдіктермен танысыңыз, сөйлесіңіз! Жаңадан тіл, мәдениет үйреніңіз [3].

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. — Астана: ҚР БЖҒМ, — 5-б.
2. Жұмаева Э.С. Ағылшын тілін оқытудағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі. — Қызылорда: Санат, 2012. — 20–24-б.
3. <http://imurat.kz/shet-tilin-uirenu/>

Шейкина В.

КГКП «Геологоразведочный колледж», г. Семей

Руководитель: Колбасина У.П.

Профессиональный жаргон как неотъемлемая часть профессиональной коммуникации.

Многие ученые - лингвисты уделяют особое внимание исследованию нестандартной разговорной речи. И стоит отметить, что вопрос социальной дифференциации языка до сих пор остается открытым.

Овладение профессией неразрывно связано с овладением соответствующим профессиональным словарем. Некоторые профессиональные выражения служат как бы символом владения каким-либо ремеслом или профессией. И, несмотря на то, что

профессионализмы считаются словами со сниженной стилистической окраской, их употребление отличает профессионала от людей, не знакомых с данной профессиональной областью деятельности. Профессионализмы являются «неофициальными» названиями специальных явлений и понятий профессии, составляют профессиональный жаргон.

Летом 2017 года я проходила производственно-технологическую практику на предприятии «Семизбай-У», где и довелось наблюдать интересные языковые явления. Источником профессиональной информации, несомненно, является профессиональная лексика с его основной лексической единицей – термином. В любой профессиональной отрасли принят свой язык, понятный человеку, чья работа связана с этой сферой деятельности. Этот язык называется профессиональным, причём он включает не только специальную терминологию, но и достаточно обширный пласт профессионального сленга, который не будет понятен «непосвященным».

Наблюдения за лексикой представителей геологической отрасли (геологи, буровики и гидрогеологи) показали, что профессиональный сленг формируется на разных языковых уровнях и разными способами. Профессиональный сленг представляет собой лексикон, который производит замену уже существующих слов литературного языка. Такая замена способствует активизации профессиональной коммуникации.

Итак, рассмотрим способы образования профессионального сленга.

1. Профессиональный сленг формируется в результате переосмысления общеупотребительной лексики и образования из неё новых слов и форм. Названия используемому оборудованию, производственным процессам могут даваться на основе даже небольшого сходства и ассоциаций. И можно отметить, что на лексическом уровне больше всего проявляются характерные изменения. Рассмотрим несколько примеров.

Куст - растение с древовидными ветвями, не имеющее главного ствола (словарь С.И. Ожегова) [1, с. 429]. Но буровики используют это слово в значении «разбросанный в стороны способ размещения скважин по площади месторождения».

2. Кроме того, есть и абсолютно немотивированные названия, которые чаще всего появляются в пределах одного предприятия, одного промышленного района, за пределами которого они не будут понятны ни простому человеку, ни работнику аналогичной сферы. К примеру, в одной из статей мною было прочитано следующее название объекта – «площадь трёх вокзалов», что означало технологическую площадку, на которой располагались трёхфазные сепараторы для разделения нефти, газа и воды. Секции бурильных труб называют свечами, хотя в общеупотребительной лексике мы используем другое значение. Буровая вышка – прялка, скважина – дырка. Для наименования бурового рычага существует целый ряд слов: рычаг, тормоз, кочерга. Уровнемер гидрогеологами заменяется простым словом «хлопушка», а «крокодильчик» для гидрогеологов значит «утяжелитель уровнемера», «насос малой производительности» между рабочими называется «малышом».

В основу создания лексических единиц положены сходства выполняемых функций, формы, цвета и пр. Елка – определенная система задвижек, служащая для запираания потока жидкости и изменения его направления, часть противовыбросного оборудования; вертикалка – вертикальная скважина; дневники – бригада, работающая днем.

3. Аббревиация и сокращение слов также участвуют в образовании профессиональной лексики. Используются сокращения, но они функционально равноценны основному сочетанию. Например, помбур (помощник буровика), ПСВ -

подземное скважинное выщелачивание, ПР - продуктивный раствор, ВР - выщелачивающий раствор; ТУЗ - технологический узел закисления; ГТП - геотехнологическое поле, ГРМ - горно-рудная масса, УППР - участок переработки продуктивных растворов. Данные аббревиатуры носят частный характер.

4. Представители профессий геологической направленности намеренно отступают от акцентологических норм русского языка, чтобы продемонстрировать принадлежность слова именно своей профессиональной отрасли. Так, например, слово добыча употребляют как дОбыча, кОмпас - компАс.

5. При образовании профессионализмов происходит намеренное нарушение нормы образования формы множественного числа имени существительного. Например: промыслА, площадЯ, выкидА (противовыбросное оборудование), секторА. Лингвист Л.П. Крысин считает, что многие из таких примеров «должны (или могут) быть охарактеризованы как профессионально или социально маркированные» [2, с.87]. Для представителей уже названных профессий данные явления воспринимаются как норма. Можно даже классифицировать лексику буровиков, геологов и геофизиков по следующим разрядам:

- 1) название профессиональной принадлежности: помбур, бурила, вышкарь, пусковик;
- 2) наименование процесса: проходка, забурка, долбежка, кустовка;
- 3) название инструментов: доска - приспособление для поворота долота; квадрат - труба квадратной формы для крепления буровой колонны; хлопущка-уровнемер, мартышка - штурвальный ключ; крокодильчик - утяжелитель уровнемера;
- 4) название производственных зданий и сооружений: балок - передвижной вагон-домик; вертикалка - вертикальная скважина; кривулька - наклонная скважина; куст - группа скважин.

Профессионализмы встречаются не только в виде отдельных слов, но и фразеологических оборотов. Главное их сходство с общеупотребительными фразеологизмами в том, что они регулярно воспроизводятся в речи разными представителями геологических профессий. Они не создаются в процессе речи, а используются такими, какими закрепились в профессиональном языке. Приведем несколько примеров:

- 1) без камешка и без пылинки - хорошо приготовленный раствор промывочной жидкости (экв. без сучка и задоринки);
- 2) прочистить песочком - ругать, отчитывать кого-то за его действия (снять стружку);
- 3) До вахты заживет - о небольших ранах, травмах (до свадьбы заживет).

Приведенные примеры фразеологизмов встречаются только в разговорной речи буровиков, геологов.

Профессиональные жаргоны неразрывно связаны с применением таких средств, как метафора. Например:

Забыть голову, снять голову (голова - защитная каска)

Кишки собирать (скручивать растянутые геофизические кабели)

Как показало наблюдение, профессиональный жаргон является неотъемлемой частью профессиональной коммуникации. Профессиональный жаргон имеет строго ограниченную рамками профессиональной деятельности среду, употребляется в неофициальных ситуациях в разговорной речи людей какой-либо профессии. За пределами соответствующей профессиональной среды профессиональные жаргоны могут быть непонятны. Употребление профессионализмов позволяют работнику почувствовать себя частью профессионального сообщества, упрощает профессиональное взаимодействие

и формирует определенное отношение к профессиональным объектам. Умелое употребление профессионального жаргона может даже придать официальной речи сочность, колорит, поможет продемонстрировать знание предмета, характерное для профессионала, имеющего регулярный и непосредственный контакт с рабочей средой.

Список литература

1. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений. — 4-е изд., М.: Высшая школа, 1993. — 944 с.
2. Крысин Л.П. Языковая норма и речевая практика // Отечественные записки. - М., 2005, № 2(23).
3. И.Б. Голуб «Стилистика русского языка», Издательство "Айрис Пресс"- М., 2004год

Қабышова Н.А.

КМҚК «Геологиялық барлау колледжі», Семей қ.

Жетекшісі: Марканова Г.А.

ТІЛДІҢ МӘДЕНИЕТІ, БОЛАШАҒЫ, САҚТАЛУЫ ҚОҒАМНЫҢ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ҚОЛЫНДА

Жоспар:

1. Кіріспе
2. Негізгі бөлім
3. Қызметтегі ауызекі сөйлеу мәдениеті
4. Үштілділік мәселесі
5. Қорытынды
6. Пайдаланған әдебиеттер

Елбасымыз Н.Ә.Назабаев 2012 жылғы Жолдауында «Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеген болса, тіліміз әлдеқашан Ата заңымыздағы мәртебесіне лайық болар еді. Ұлттық мүддедегі қызмет ету үшін әркім алдымен өзгені емес, өзің қамшылауы тиіс емес пе? Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін! Сонда ғана өсеміз!» Кез келген әңгіменің құндылығы мен өзектілігі, негізінен қозғаған тақырыбына қарай, сол тақырыпты ашу деңгейіне орай бағаланатыны белгілі. Ендеше, менің ғылыми жобамның төркіні – «Болашақ мамандардың кәсіби қызметіндегі ауызекі сөйлеу мәдениетінің маңызы» болмақ. Аталмыш тақырыпты жан-жақты зерттеу барысында Елбасымыздың, көптеген лингвист ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің пікірлеріне сүйене отырып, өз ойымды дәлелді түрде жеткіздім. Ғылыми жобамды бастамас бұрын зерттеулер дәлелдеп бергендей Н.Уалиев сөзімен бастасам: «Қазақ тілі мәдениетін сөз еткенде ғылыми жетістіктерге сүйенеді. Өзге тілдің, туыстығы бөтен тілдің сипатымен жасалған, қолданылып жүрген сөздер мен сөз тіркестеріне, оның орфографиясына айрықша тоқталады...» Өз зерттеулерімнің барысында бұл сөздерге айқын көз жеткіздім.

Қазіргі заманда мәдениетті әрі ұқыпты сөйлеу мәдениетін игеру болашақ мамандар үшін кәсіби құзыреттілік болып саналады. Болашақ мамандар ауызекі сөйлеу мәдениетінің коммуникативтік сапасы жоғары, я болмаса төмен сөздің тілдік құрылымының өзіне тән белгілері мен сипаттамаларын білуі қажет.

Тұлғаның тілді қаншалықты меңгергендігі оның жазғанынан ғана емес, сөйлегенінен, қарым- қатынасқа түскендігінен де білініп тұрады. Қоғамдық жерлерде, күнделікті өмірде де түрлі жиындарда шаршы топ алдында сөйлеушілерді, радио мен теледидар дикторлары, мен түрлі хабардың жүргізушілерін, сұхбат берушілерді, тіпті әншілер мен әртістерді тыңдап, экран бетінен көріп отырғанда орфоэпиялық нормалардың өте жиі бұзылатынын, тіпті мұндай норма бұзушылықтың жаппай сипат алып бара жатқаны байқалады. Бүгінгі күнде оған құлағымыз үйреніп, көзімізде көндігіп бара жатқандай. Сөйлеу мәдениеті бүгінгі күннің болашақ мамандарын дайындауды талап етіп отырғандай. Себебі, жұмыс орындарында сөйлеу мәдениетінің бұзылатындығы айтпаса да белгілі және барлығына мәлім. Сол себепті, тіл мәдениеті жас мамандардың ауызекі сөйлеу мәдениетін дамытуға ықпал етеді және де ол оқу-тәрбие процесінде маңызды роль атқарады. Ғалымдардың ойынша сөйлеу қабілеттілігі мен мәдениеттілігі өмірлік жағдайлардағы қолайсыздықтарды шешуге мүмкіндік береді. Болашақ мамандардың рухани және материалдық мәдениеті жоғары, тарихи бай болуы үшін Х. Досмұхамедовтың: « Мәдениеттің негізі- білім. Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді жұрттың тілі бай болады », деген пікірі бүгінгі күннің шындығына айналып отырғандай. Өзім де болашақ маман ретінде қазақ тілінің нормалары, сөйлеу тазалығы мен мәдениеті ақсандайтынын байқаймын. Өйткені, бүгінгі заман талабы деп көп болашақ маман иелері орыс тілін не болмаса ағылшын тілін үйренуге және сол тілдерде сөйлеуге құлшынады. Ал сонда болашақ маман иелері біздер өзге тілдерде сөйлесек, сонда қазақ тілінде өз ана тілінде кім сөйлемек...? Әсіресе қазіргі жұмыс талабы тұғырлы үш тілді білу, өз мамандығынды жетік меңгеру. Көріп отырғанымыздай, қазіргі өмір талабының өзі бізден үш тілде сөйлеуді талап ететіндей. Бірақ бұл қазақ тілінде сөйлеме немесе қазақ тілінің нормаларын бұз деген сөз емес, тек заман талабына сай өмір сүрді деген сөз.

Үштілділік жөніндегі сөз Елбасымыздың “Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі” деген салиқалы үндеуінен бастау алған болатын. Сонымен қатар Нұрсұлтан Әбішұлы: “мектептерге ағылшын тілінен шетелдік оқытушыларды тарту қажет. Кез келген ортанқол мектептің балаларға ең жоғары деңгейде шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз міндет” - деп ерекше атап көрсеткен. Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы.

Біз үштілділікті тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс деп бағалаймыз, сондықтан да бұл құбылысты төрттілділік пен бестілділіктен бөліп қараймыз, үштілділіктің кез келген сыңары ретінде кез келген шет тілін алуға болар еді, бірақ біз бұл жерде де қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жөн деп түсінеміз .

Бүгінгі таңда мемлекетімізде үштілділік мәселесін нақты іс түрінде жүзеге асыру керек пе? Әрине, керек. Еліміз бен жерімізге ие болатын жастар үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Бірақ бұл үш тілдің тұғыры бірдей деген сөз емес. Қазақстанда бір ғана тұғырлы тіл бар, ол мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Тұғыр сөзі діңгек, қазық деген мағынада қолданылады. Бірақ кейбіріміз үштілділік үдерісі жөнінде басқаша көзқарас танытып жатамыз. Мұның себебі осы бір сөздің мағынасын түсінбеуден келіп шығады. Бірқатары осы бағытты ұстануға оң көзбен қарап, құптаса, енді бірі өз қарсылықтарын білдіруде.

Атап айтсақ, саясаттанушы Т.Әбдуәлидің: «Мемлекет басшысы жаһандану жөнінде мәселе көтергенде де өре түрегелдік. Жаһандану дегеніміз қарапайым сөзбен айтқанда жоғары деңгейге жеткен елдермен қарым-қатынасымызды нығайту. Соның бірі - тілдік коммуникация. Бұл үшін халықаралық қатынас тілі болып жүрген ағылшын тілін үйренуге жастарымызды жатпай-тұрмай баулуымыз керек. Оның қажеттілігін уақыт өткен сайын өткір сезініп келеміз» деген ойын оқытушы Т.Тәңірбергенқызы ары қарай жалғастырады: «Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгірттенбейміз. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білуіміз керек. Себебі, ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес».

Ия, расында да, ағылшын тілі қазақ жерінде өз үстемдігін жүргізе алмайды. Қазақстанда тек қазақ тілі ғана билік құра алады. Ағылшын тілі – қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі. Үштілділікті үрейлі кейіпте елестететін кейбір ағаларымыз «мұны ең соңғы өлу деп те қорқатындығын» жасырмайды. Жоқ! Біз өзге тілдерден қорықпауымыз керек. Керісінше, сол тілдерді пайдалана отырып өзімізді өзгелерге таныта білуіміз қажет. Мәселен, М.Әуезовтың «Абай жолы» романы ағылшын тіліне аударылмаса Абайдай ғажап ақынымызбен қалай мақтанар едік? Ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгірттенбейміз. Ағылшын тілі - әлемдік бизнес тілі, мемлекеттік тіл – ұлт тілі. Мемлекеттік тілде сөйлеу - әрбір Қазақстан азаматының борышы. Ағылшын тілі қазақ тілін үйренуге ешқандай кедергі жасамайды. Тек соны түсіне білу керек.

Өзімде ағылшын тобында оқып, шет тілінің қыр сырын меңгергеннен мен өз ана тілімді не болмаса қазақ тілінің нормарын ұмытқан емеспін. Себебі, күнделікті қолданыста қазақ тілі өте үлкен ықпалға ие. Ағылшын тілін үйренгеннен біз біреуден кем немесе біреуден артық болған емеспіз, біз жай ғана болашақ мамандар ретінде ауызекі сөйлеу мәдениетіміздің маңыздылығын үйрендік...

Енді өз жобамды түйіндейтін болсам, қазақ әдебиетінің беделді жазушыларының бірі Ғ.Мүсірепов былай деген екен: «Ана тілі дегеніміз- сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағында танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары менсінбейді, өгей ұлдары ғана оны аяққа басады.»

Пайдаланған әдебиеттер:

Қазақ тілі хрестоматиясы (Ж.Н: Нығмет)

Әдеп: инабаттылық дәрістері (Ұлықпан Асыллов, Жарылқасын Мұсқабайұлы)

Егемен Қазақстан газеті № 96 басылым

Мақал –мәтелдер жинағы

Ғаламтор желілері

Қазақ әдебиеті 6,9 сынып

Таубаев А.Д

ҚМҚК «**Көлік колледжі**», Семей қ.

Жетекші: **Омарханова Ж.К**

Қазіргі кездегі жастардың ауызекі сөйлеу тілінің ерекшелігі.

Қазіргі таңда ең басты мәселелердің бірегейі – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру, барлық қаракөз бауырларымыздың өз ана тілінде сөйлеуіне қол жеткізу. Тек тіл үйренуде ұмыт болып бара жатқан шаруа бала- бақша, үй, мектеп, жоғары оқу орындарында ұл-

қыздарымызды тілдік қоры бай қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне үйрету. Содан ақ үйде де, көшеде де, қоғамдық орындарда да бірқатар жастар бір-бірімен қарым-қатынас жасағанында, әңгімелескенінде қалай болса солай сөйлейтіні, қазақ тілінің қадір-қасиетін түсінбейтіні байқалады. Өмір мен тіршілік адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қажет етеді. Олардың түсінісудегі негізгі құралы – тіл. Әр адам дұрыс сөйлей білуі, сөйлесу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыра білуі тиіс. Қарым-қатынаста адамдардың жан дүниесі, өмір тіршілігіндегі бейнесі көрінеді. Мәдениеттің туы – тіл, ол адамзаттың мұратымен астасып, сол ұлтпен бірге пайда болып, дамып отырады. Өз тарихын, ұлттық дәстүрін, туған жерін, тілін қадірлей білген адам ғана мәдениетті болады. Сөз мәдениеті – сөзді орынды қолданып, қиюластырып, үндестіріп айта білу, емле мен тыныс белгілері ережелерін дұрыс сақтау, тілдің ғасырлар бойы сақталып келген көркемдігі мен тарихын, әсемдігін сақтай білуіміз тиіс. Сөйлеу мәдениеті орфоэпикалық нормаға негізделген. Күнделікті қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетінің негізгі қағидалары – сөйлеу әдебі, тыңдай білу әдебі.

Сөйлегенде мына нәрселерді естен шығармауымыз тиіс:

1. Орфоэпия заңдылықтарын сақтап, сөзді орынды қолдану. Мысалы күнделікті өмірде мынадай сөйлемді жиі кездестіреміз: *Ертең екінші пар дене тәрбиесі ма? Формамен келеміз ба?*

2. Қолды сермеуге, қатты күлуге, мәнсіз майысуға, аса қатты сөйлеуге болмайды.

3. Өзің туралы айта беру, барлық сөзді өзіңнен бастау – әдепсіздік, білмейтін нәрсе туралы айтудың қажеті жоқ.

4. Қатты сөйлеп тұрған адамға қатты жауап берудің қажеті жоқ, байыппен сөйлеу керек. Тыңдай білуде мыналарды басты назарда ұстау керек: Кісімен сөйлескенде оның жүзіне сыпайылықпен назар сап, айтайын деген ойын сабырмен тыңдап, асықпай, сөзінің аяғын күткен дұрыс. Сөйлесіп тұрғанда мән бермеу, теріс айналу, сағатқа қарау, шыдамсыздану әдепсіздікке жатады. Өзгелердің сөзіне рұқсатсыз араласпау керек. Қажет болғанда, “*зафу етіңіз, кешіріңіз, сөзіңізді бөлемін*” деп барып, айту керек. Келіспейтін жағдайда шыдамдылықпен тыңдап, пікіріңді орнықты, дәлелмен сабырлы жеткізе білу керек.

Тыңдау екі түрлі болады:

1. Үндемей, сөйлеушінің сөзін бөлмей тыңдау.

2. Сөзге араласып, өзара ой алмасып отырып тыңдау. Сөйлеуші адамның мінез-құлқы, жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы ескерілуі тиіс. Әркім өзінің басындағы ойларын басқаға айтып, түсіндіру үшін оған лайықты сөз таба білуге тиісті. Егерде ондай сөз таба алмаса, ол ой иесіне де шала, түсініксіз болып қалады. Яғни, ойдың дамуы сөйлеудің дамуымен өте тығыз байланысты. Адам көп мәдениетті болу үшін үнемі сөйлеу мәдениетін жетілдіріп отыруы керек. Сыртқы сөйлеу ауызша, жазбаша болып бөлінеді.

Бұлардан басқа ауызша сөйлеудің мынандай екі түрі бар:

1. Диалогтық сөйлеу.

2. Монологтық сөйлеу.

Диалогтық сөйлеу – екі немесе бірнеше адамның тілдесуі.

Монологтық сөйлеу – бір адамның сөйлеуі, әңгіме, баяндама, лекция және

басқа да түрлері кездеседі. Мұнда сөйлеуші бір адам, тыңдаушы – көп халық. Осылайша сыртқы сөйлесу: ауызша диалогтық сөйлеу, ауызша монологтық сөйлеу, жазбаша сөйлеу болып бөлінеді. Адамның айтқан қандай сөзі де белгілі бір мазмұнды білдіреді және сөйлеушінің, жазушының осы мазмұнға қатынасын көрсетеді. Мұнан туатын қорытынды: сөйлеу ойды білдіріп, іштегі сезімді сыртқа шығарады. Сөйлеудің бұл сипаты – оның мәнерлілігі. Өзара

тілдескенде, лекция, баяндама жасағанда мәнерсіз сөйлеу – ол қаншама мазмұнды ойға толы болса да, әсерсіз, жансыз болып шығады. Ауызша сөйлеудің эмоциялық реңкі интонациямен, мимикамен, ишаралармен білдіріледі. Жазбаша сөйлеуде мұндай мүмкіндіктер жоқ. Сол себепті қағазға жазушы адам өз сөздерін барынша қиыстырып, оларды өз орнына тауып қойып, ойын мәнерлі түрде жеткізе алады. Иә, сөйлей білу – өз ойыңды келістіріп тұрып айтып бере білу, оның мазмұнын ғана баяндап қоймай, нәзік сырларын сол қалпында жеткізіп, тыңдаушының ет жүрегін елжірете білу. Дұрыс сөйлей білген адам өз ойын, айтқанын тыңдаушыға толық түсіндіре біледі.

Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі - тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде, ойымыздың, сөзіміздің бөтен, бөгде элементтермен шұбарланбауын талап етеміз. Дегенмен заманның өзгеруіне байланысты қарым-қатынасты жүргізудің түрлері көп, соның бірі әлеуметтік желілердегі мысалдар: *(че там? не ыстеп? норм, салам алейкум,давай,ок)* дәлел болады.

«Тіл мәдениеті дегеніміз - сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», - деп анықтама береді Н.Уәлиев өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде.

Ал тілші-ғалым Р. Сыздықова: «Тіл мәдениеті дегеніміз - сөздерді дұрыс орнымен қолдану, дұрыс құрастыру, дұрыс қиюластыру, дұрыс дыбыстау, сауатты жазу, тілді әсерлі етіп жұмсау нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», - дейді.

Өйткені, тіл мәдениетінің негізгі зерттейтін объектісі - сөз, сөздің дұрыс айтылуы, дұрыс жазылуы, дұрыс қолданылуы, сол арқылы ойдың айқын, әсерлі жетуі, екі ұштылықтың, күңгірттіктің болмауы. Соған орай тіл мәдениеті ғылымын үлкен екі салаға: ауызша сөйлеу мәдениеті, сөз қолдану мәдениеті деп бөлуге болады.

Тіл байлығы - сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Себебі сөзді көп біліп, бірақ оны орынды, ойлы, образды жұмсай алмасаң, одан не пайда? Ал сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің сыңарын, мән-мазмұнын, стильдік бояуын дөп басып беру ойлау қабілетімен, оның шығармашылық сипатымен ұштасып жатады. Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалды. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», - деп ұлы Абай тегін айтпаған. Ана тілінің мол байлығын игерген, құдіретіне түсінген, күшіне тағзым етіп, бас иген адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алады, сөзді қалай болса солай қолдануға жол бермейді. Сөз мәдениеті мен өз мәдениетін қатар ұстап, екеуін бірге әлпештеп, қамқор болса, ана тіліне деген сүйіспеншілігі арта түсері даусыз.

Пайдаланылған әдебиет:

- 1.Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары. // Р.Сыздық
Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
- 2.Кунапьянова А.Д., Аубакирова Л.Р. Тіл мәдениетінің өлшемдері және оған қойылатын талаптар.// «С. Аманжолов оқулары – 2004»: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Өскемен:
С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2004. – 464 б.
- 3.Аубакирова Л.Р., Кунапьянова А.Д. Оқушылардың тіл мәдениетін қалыптастырудағы отбасының орны. / Л.Р. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың жас ғалымдары конференциясының баяндамалары.

– Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2004. – 392 б.

4. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. Р.Әміров. Қазақ ауызекі тілінің синтаксистік ерекшеліктері. А., 1972.

Бертысханов А.М.,

КГКП «Геологоразведочный колледж», г. Семей

Руководитель: Садыкова А.С.

The problem of translation of polysemantic words in professional English

г. Семей. В настоящее время я являюсь, студентом 2 курса, Медицинского колледжа «Семей», обучаюсь по специальности «Лечебное дело». Моя миссия - помогать людям, творить милосердие. Я, как молодой гражданин РК, хочу приложить все свои усилия, в развитие здравоохранения, культуры и сохранения культурного наследия нашего общества.

Миссия молодого поколения - открыть путь к успеху каждому молодому человеку и сформировать новое поколение успешных граждан Казахстана, которые ценят прошлое.

Литература:

1. Н.А. Назарбаев «В потоке истории» 2006г. Алматы, стр.171
2. Н.А. Назарбаев «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» 12.04.2017.
3. www.expo2017astana.com.

Маратова Мунира

КМҚК « Семей гуманитарлық заң және техникалық колледж», Семей қ.

Жетекшісі Дюсембаева А.К.

Ұлттық құндылықтардың ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі.

Мәдениет-ол адамның әлемі .Мәдениет көріністерінен адамдық парасат , ақыл, ой , ізгілік пен әсемдік заттандырылып , игіліктер дүниесі пайда болады, осыдан мәдениет адамды тұлға деңгейіне дейін көтеретін негізгі құрал болып саналады . Адамды қоршаған заттар , дүниелер – бұл мәдениеттің сыртқы көрінісі ғана, оның мәні руханилықты адам әрекетінің нәтижесінде заттандыруында жатыр.

Мәдениеттің ішкі мәні қоғамдағы өмір сүріп жатқан адамдардың өзіндік санасында , парасаттылық сезімдерінде және рухани ізденістерінде айқындалады . Мәдениетте адам ғажап биік-биік деңгейге көтеріледі , мәдениет адамның өмірі , адамнан бөлінген , адам өлгеннен кейін де тірі болатын оның шығармашылығы . ХХІ ғасыр басындағы қоғамдық санада адамзат қауымы үлкен өзгерістің алдын да тұр деген пікірлерді жиі кездестіреміз .Бұған дәлел ретінде біздің ғасырымызда бой көтеріп жатқан жалпы адамзаттық құндылықтардың төмендеуі , әлеуметтік адамгершілік шеңберіндегі экономикалық және зияткерлік берекесіздіктер әртүрлі революциялар сияқты катаклизмдерді ғана сонымен бірге бұған себеп ретінде қоғамдағы глобалды дағдарыстарды алда келе жатқан экономикалық катастрофаларды, ресурстардың құруы, нашақорлықтыда жатқызамыз.

Осыған байланысты В.М.Массон, Л.Н.Гумилев, Н.Я.Данилевский, Л.Фебр, К.Ясперс, П.Сорокин, А.Тойнби, О.Шпенглер сияқты ойшылдар мәдениет пен өркениеттің табиғаты мен тағдыры жөнінде ойланып-толғанып, нақ осы мәселені өз еңбектерінің өзегі еткен болатын . Көптеген әлеуметтанушылар мен философтар осы жаңа ғаламдық өркениеттің қалыптасуымен байланысты пайда болған қайшылықтарды сезінген.

Адамдар менталитеті де өзгерістерке ұшырады , XVғ. II-ші жартысында Иоганн Гуттенбергтың ойлап тапқан баспа станогы өзіндік дүниеге сүйінген , көзқарасы бар көрермендер мен тыңдармандары дүниеге әкелсе электрондық техника бет-бейнесіз жалпы тобырды яғни бұқараны тудырды , осыдан бұқаралыққа жол ашылды . Сол себепті көп ойланып толғануды , өзіндік сананың рефлексиясын қажет ететін процестер бірте-бірте ұмытып қалды . Біздің ғасырымыздың 20-шы жж . П.Сорокин мәдениет типінің ауысу мен алмасу процесінде болатын қайшылықты былай сүреттеген болатын : “ Батыс қоғамының мәдениеті мен салт-санасы және өмірі күрделі дағдырысы басынан кешіруде . Батыс қоғамының тәні де рухы да ауруға шалдықты . Біз көз алдымызда ғайып болып бала жатқан кешегі сезімдерге толы нұрлы да сәулелі мәдениетіміз бен болашаққа ентелеп келе жатқан идеационалдық мәдениет сияқты екі дәуірдің ортасында тұрған сияқтымыз “, - дейді ойшыл . Уақыт сонымен бірге табиғи процестермен ғана емес, тарихи

үрдістермен де байланысты. Мысалы, XX ғасырдың логикалық позитивизм өкілі Г.Рейхенбах физика ғылымының жетістіктерімен « уақыттың ағыны тек өткеннен келешекке қарай жылжыйды» деп тұжырымдалған болатын. Бүгін әрқашан өткеннің бүгіні, әрі қарай келешектің бүгіні, ол өткен келешекті ажыратып емес, сабақтастырып тұрады, екеуінің арасындағы көпір сияқты. Ал олай болса, бүгін қайдан шықты, онда бүгін де, ертең де жоқ, мүлдем уақыттың жоқ болғаны. Уақыт жоқ болса, қозғалыс та, өмірде жоқ. Ал адамның психикасы, санасы мен жан дүниесі үшін ол оның жадысы жоқ деген сөз. Психиканың, ойлаудың, жалпы «Меннің» тұтастығы жойылады. Яғни Ш.Айтматовтың романындағы өз анасын танымай өлтірген мәнгүрт ұл ең алдымен жадысынан айрылады, өз жадында уақыттан айрылу дегеніміз санадан айрылумен тең. Сондықтан уақыт кері бұрылмайды деу ол тек бір бағыты деп түсіну қозғалыстың тек сыртқы формасын ғана аңдаудан шығады. Жалпы алғанда, адамзат қауымының аяқ басып отырған XXI ғасырдағы мәдениетінің тағдыры, М.Шаханов айтқандай, тамырсыздық індетіне ұшырап отыр. Рухани байлықтарымыз құнсыздалуда, А.Камю пікірінше, өмір мағынасызданып кетті. Ал бұдан шығу үшін жалпы адамзаттың рухының құлдырау кезендерін көз алдымызға елестете отырып, өтенге, рухани қайнар бұлағымызға, шегініс жасап, ұлттық рух көтеруге назар аударуымыз керек.

Бүгінгі таңда XXI ғ. Табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде білім берудің айқын жолдарын жетілдірудегі басым бағыттарын айқындауда, ұлттық санамен адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру көкейтесті мәселелердің бірі болып отырғанық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев “Қазақстан жолы-2050 Бір мақсат мүдде бір болашақ” атты Жолдауында: “Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн”, - деген талапты білдіреді.

Адамның мұндай мендігі, сана-сезімі туғанан пайда болмайды, бұл жүре келе болатын процесс. Өткеніміз бізге өзіміздің адамдығымызды сақтау үшін керек. Мысалы, білімдеде өткенді қопару арқылы жаңа таным мен жаңа маман пайда болады. Сонымен өз өткенінің жадысынан айрылған адам әлемдегі өз орнын қайтадан анықату туғанан пайда болмайды, бұл жүре келе болатын процесс. Өткеніміз бізге өзіміздің адамдығымызды сақтау үшін керек.

Яғни ұлттық құндылықтарымызды ұрпақтарымыздың бойына сіңіре білу- уақыт талабы демекпіз.

Ата – бабалардан қалған рухани мұра мәдениетіміздің тірі жаны болып есептеледі.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы. – Қарағанды:ҚарМу баспасы, 2003. – 7-б.
- 2.Ерасов Б.С. Сравнительное изучение цивилизаций. – М. Наука, 1994.

3.Шпенглер О. Закат Европа. – М.Мысль 1982 – с.122.

4.Яковец Ю.В. Ритм смены цивилизаций и исторические судьбы России. –М Наука, 1994.

Адалбек Жайдарбек

Мекеме «Семей гуманитарлық- заң және техникалық колледжі », Семей қаласы

Жетекші: Көзбева Ақмарал Ақтыққайырқызы

Салт-дәстүр мен ғұрыпым – заңымыздың бастауы.

Салт-дәстүр - әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрлым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жинтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық — өнеге тәжірибесін сіңіреді. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалапта отырған.

Ал қазақ халқы үшін ерте заманда салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Ең алғашқы заңдар жинағыда осы салт-дәстүрлер негізінде жазылған. Соның ең негізгісі « Қасым ханың қасқа жолы » заңдар жинағы.

Қасым хан өзі билік құрған кезеңде қазақ халқының этникалық аумағын кеңейту барысында әдет-ғұрыптық заңдарға арқа сүйеді. Қасым хан өз заңында Құран талаптарына қайшы келмейтін қазақи ғұрып ерекшеліктерін сақтады. «Қасқа жолдың» қағидалары өзгерусіз XVII ғасырға жетіп, Есім хан хандық құрған тұста (1598-1645) «Есім ханнан ескі жолы» деген жаңа атқа ие болды. Тәуке ханның тұсында (1689-1708) бұл заң әліде шарифат қағидасымен боялмай, ежелгі билер жасаған қалпын жақсы сақтады. XV-XVIII ғасырларда қолданылған ежелгі жарғының үзінділері халық аузында қысқы-қысқы мәтел сөздер қалпында сақталған. Мысалы: «Қара қылды қақ жару», «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіру», «Тура биде туған жоқ, туған биде иман жоқ», және тағы сол сияқтылары.Қазіргі уақытқа дейін осы мақалдар ел аузында сақталған.

Сондай- ақ қазақ халқының тарихы ең алдымен Қазақ хандығының құрылуынан бастау алады. Қазақ хандығының пайда болуы Қазақстан жерінде XIV-XV ғасырларда болған әлеуметтік экономикалық және этникалық – саяси процестерден туған заңдар жинақтарымен байланысты. Қазақтың арғы атасы түркілер мен бірге туысатын ру-тайпалар Қазақ хандығының халық құрамына кірген болатын. Негізін қалаушылар Керей мен Жәнібек сұлтандар . XVII ғасырда қазақтар үш жүзге бөлініп өмір сүріп жатты. Әр жүздің өз хандары болған. Қазақтың кең байтақ жеріне көз алартқан Бұқар мен Хиуа хандықтары қазақ жеріне жорықтар жасап тұрды. Олардың бәрінен асып түскен Жоңғарлар екені бәрімізге аян.

Осынау қиын кезеңнен өткен қазақ халқы үшін тағы бір сынақ КСРО құрамына енуі болатын. Осы кездегі 1916 жылдардағы көтерілістер, 1920 жылдағы аштық, 1930 жылдағы тотолитарлық жүйе, 1941-1945 жылдар арлығындағы Ұлы Отан соғысы, 1986 жылғы жерді дүрсілкіндірген желтоқсан оқиғасы. Бұның барлығы да қазақ халқы үшін өте ауыр болды.

Осыншама қиын- қыстау кезеңде халқымыздың қаншама салт- дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жоғалтып алдық. Десекте, ұлт болып бас қосып бір жағадан бас, бір жеңне

қол шығарып, дербес тәуелсіздігімізді алдық.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заңды қабылдады. Қазақстан тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан Америка Құрама Штаттары мойындады, екінші болып айдаһардай айбарлы Қытай, сонан соң Ұлы Британия мойындады. Оның артынан Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран ислам мемлекеті мойындады. Баршамыз білеміз Иран - Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мұсылман мемлекеті екенін осынау жетістіктерге жетуіміз қазақ халқының рухы биік, тарихы терең, салт- дәстүрі мен өмір жолы кемел екендігі айқын дәлел бола алады. Қазақ халқының салт-дәстүрінен бастау алып, негізін қалаған заңдар жинақтары дүниеге келіп жатты. Қазақстан жаңа заманға сай, көп ұлтты мемлекетті бір тұтас ұстайтындай Ата заңын «Конституциясын» 1995 жылы 30 тамыз күні жалпы халықтық Референдум негізінде қабылданып өз күшіне енді. Конституция мемлекеттің құрлыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат болып табылды. Бұл, тәуелсіздік алғаннан кейінгі екінші конституциясы еді. Алдыңғы конституция 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған болатын.

Өзіміз білетіндей заңсыз - мемлекет, ал заң салт- дәстүрден бастау алады. Біздің халқымыз өз ұрпақтарын қасиетті салт-дәстүрімен, өнегелі әдет-ғұрыппен, ырым-тыйыммен ұлағатты ұл мен инабатты қызды теріс жолға түсірмей тәрбиелей білген. Бауыржан Момышұлы «Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен жауынгерлік қасиетті тәрбиелеуде ұлттық дәстүрдің маңызы зор екеніне көзім жетті» деп жазды. Яғни салт-дәстүр адамды адастырмас тура жолмен жүруге, жөн-жосықты біліп, үйренуге және өмірде қолдануға үгіттейтін мызғымас заң іспетті десекте болады.

Қазіргі таңда салт-дәстүрлеріміздің ұмытылып бара жатқан маған ұнамайды. Бұлай жалғаса берсе түбі бір құрылмайтынына кім кепіл, кім куә? Жетпіс жыл бойы жетесіз әрі қанқұйлы тәртіптің қырсығынан ұлт дәстүрлерінің ережесі бұзылды. Салт – дәстүр мен әдет – ғұрыпсыз ел әдепсіздік пен берекетсіздік салынуы мүмкін.

Осындай зиянды жақтарын біле отырып, салт – дәстүр арқылы қалай өзім секілді жастар мен жеткіншектердің отанға деген патриоттық сезімдерін арттыра аламын деген ой қозғадым. «Ел болам десем бесігінді дүзе» - демекші ең алдымен отанға деген сүйіспеншілікті салт -дәстүрді түзеуден бастау керек сияқты. Бұл арқалы бала салт – дәстүрін білсе тарихын таниды, ал тарихын білу отанды тану. Бұл туралы өзінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасында елбасымыз

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев былай деп еді: «Тарихымыз бен салт- дәстүріміз арқылы қазіргі екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс».

Құрметті студенттер, бүгінгі мақсатым - заман өзгерсе де ұлттық салт – дәстүріміздің көнермейтіндігін еске салып, ұлттың мұратын қайта жаңғырту.

«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» демекші, салтын сүйген әрбір жас ұрпақ болашақта халқын сүйетін, еліне адал қызмет ететін, тілінің, салт- дәстүрінің жанашыры болатындығына менде сенемін. Ал еліміздің жарқын болашағы біздердің қолымызда, барымызды бағалайық.

Салт дәстүр халықтың рухани байлығы жер немесе жер бетіндегі әр бір халық немесе мемлекетті алатын болсақ олардың өздеріне тән әдет-ғұрып пен салт-дәстүрі болады. Адам баласының санасының қалыптасуы мен өніп өсуі салт-сана мен дәстүрге байланысты, сондықтан да осы салт-дәстүріміз арқылы құқық, одан заңымыз пайда болғанын ұмытпайық, көзіміздің қарашығындай сақтайық.

Негізгі әдебиеттер:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә.Нысанбеу – Алматы «Қазақстан энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы, 1995 ж;
3. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері, Хрестоматия. Құрастырған Ғ.Сапарғалиев. «Атамұра», алматы, 2003;
4. Ағдарбеков Қ. Мемлекет және құқық теориясы.Қарағанды,2001;
5. Ибраева А.С., Сапарғалиева Ғ.С. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы,1998 Қазақ энциклопедиясы, 7-том.

Бақтияров Темірлан

КГКП «Электротехнический колледж»,г.Семей

Руководитель: Кадирбаева С.Б.

Тарихи және мәдени дәстүрлерді сақтау - Қазақстан келешегінің қажеттілігі.

Өткенді қастерлеу арқылы,

болашағымызды баянды етеміз

(Н.Ә.Назарбаев)

Қоғамдық өзгерістер ұлттық психологияны, әдет – ғұрып салт – дәстүрді оқу – тәрбие үрдісінде пайдаланудың объективті қажеттілігін туғызып отыр.Сонымен қатар елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030» Жолдауында «Ұрпақ тәрбиесінде» дана болады, оның саулығына бітіміне және дүниеге көзқарасына қамқорлық жасайды. Ол бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманда нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Ол күллі әлемге әрі сыйлы, өз елінің патриоды болады деп атап көрсеткен. Бұл міндеттер Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында», «білім беру жүйесінің азаматтықпен, елжандылық, мемлекеттік рәміздерді сүйіспеншілікпен құрметтеуге, халықтың салт – дәстүрін қастерлеуге, әлемді және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқымен республиканың басқа ұлттарының әдет – ғұрыптарымен салт – дәстүрін зерделеуге» деп айрықша атап көрсетеді. Қазақта «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген дана сөз бар.

Сондықтан жеткіншек ұрпақтың өз халқының рухани қазынасымен оның ұлттық тәрбиесімен әдет – ғұрып, салт – дәстүрмен тереңірек танысу қажеттігі бірініші орынға қойылып отыр. Өйткені өз халқының, әрі бүкіл адамзаттың өткенін білу, рухани мұраларымен сусындау адамның жеке тұлғалық болмысын қалыптастырып, оны рухани тұрғыдан кемелдендіретін бірден – бір қажетті көрсеткіш болып табылады. Халықтың салт – сана, әдет – ғұрпы қай заманда болмасын ерекше тәрбие құралы болып келді. Бұл жөнінде көптеген ғұламалар пікірлерін білдіріп кеткен. Мәселен, Қазақ халқының салт – дәстүрі арқылы ұлтжанды, рухани – мәдени толысқан ұрпақ тәрбиелеудегі маңызын М.Жұмабаев атап көрсетсе, дана бабамыз Бұқар жыраудан қалған «Тәлім ал, тәлімді алсаң тәлімгерің ұлтының салт – дәстүрімен, ұлтының қарапайымыдылығымен, мейірімділігімен тәлім берсін»- деп айтып өткен. Бүгінгі күні қазақ халқының ұлттық мәдениетін қайта өркендету жағдайында жас ұрпақты ұлттық дәстүрмен тәрбиелеудің қажеттілігі туды. Өйткені халықтық салт – дәстүрдің ішінде бүкіл халықтың мінез – құлқы, болмысы, дүниетанымы, мәдениеті, тілі мен діні, өмір сүру жолы, психологиясы топтасып жатыр. Ал енді баланың бойына рухани азық болып, жанына нұр құятын қажетті фактор – халықтың салт – дәстүрі. Салт – дәстүрдің тәрбиелік мәнін ашу, оны жас ұрпақ тәрбиесінде пайдалану бүгінгі күнгі уақыт талабынан туындап отырған мәселе. Дегенмен «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деп дана халқымыз айтып кеткендей, көшпелі өмір тұрмысы жағдайында ата – бабаларымыз дүниеге әкеліп, өз қажетіне орай пайдаланып өткен салт – дәстүрлердің бәрін бірдей бүгінгі күні сол қалпында пайдаланамыз деу қате болар еді. Мектепте халықтық педагогиканы пайдалануды сабақтарда, сыныптан тыс жұмыстарда ұлттық салт- дәстүрлер жайында әңгіме айтумен, үйретумен ғана шектесек, тақырыптық ертеңгілік, кеш, ойындарды қуалап кетсек, мұнымыз өзімізді де, балаларды да алдау болады. Ол үшін мектептің барлық оқу- тәрбие жүйесін толығымен ұлттық негізде құрсак, онда рухани – мәдени деңгейі жоғары, ұлттық мұрларымызды шын мәнінде қастерлей білетін жа ұрпақты тәрбиелеген болар едік. Баланы оқыту мен тәрбиелеуде еуропалық үлгіге көзсіз еліктеген оқу жүйесінің кезеңі өтіп барады. Өйткені, әр егемен елдің басқа ешбір елге ұқсамайтын өз ерекшелігі, өз дүниетанымы, өзіндік тарихы, ұлттық сипаты бар. Ұлт бойындағы сипат сол ұлт өкілінің өзіндік тарихы қасиеті арқылы байқалады. Ұлттың өзіне тән қасиетінің сақталуы оның санасына байланысты. 2004 – 2011 жылдар кезеңінде табысты іске асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан тарихындағы теңдессіз жемісті гуманитарлық акция болды. Халқымыздың аса бай әлеуеті паш етіліп, отандық мәдениет пен ғылымды жаңа деңгейге көтеретін баға жетпейтін тәжірибесі жинақталды. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында 73 тарихи және мәдени объектіні реставрациялау жұмыстары аяқталды, ата-баба тарихы жөнінде білімімізді байыта түскен Қазақстан аумағындағы 37 кентке, қоныстарға, мекендерге, обалар мен қорғандарға маусымдық археологиялық зерттеулер

жүргізілді. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Египет, Өзбекстан, Армения, АҚШ пен Батыс Еуропа мемлекеттеріне ғылыми-іздігіру экспедициялары ұйымдастырылып, соның арқасында елдегі ғылыми ортаға бұрын беймәлім болып келген Қазақстан тарихы, этнографиясы мен өнері жөнінде өз елімізде және шет елдерде 5 мыңға жуық қолжазба мен баспа басылымдары табылды және сатып алынды. Қазақстанның тарихы, археологиясы мен этнографиясы бойынша ұлттық мәдениет үшін айрықша маңызға ие 30-дан аса ғылыми-қолданбалы зерттеу жүргізілді. Бағдарлама аясында Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы мен мәдениеті бойынша 600-ге жуық кітап түрлері бір жарым миллион данадан астам таралыммен басып шығарылды. Олардың арасында «Бабалар сөзі», «Әлемдік философиялық мұра», «Әлем әдебиеті кітапханасы», «Ежелгі уақыттан біздің күнімізге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» тәрізді еңбектер бар. Алғаш рет отандық ескерткіштерді түгендеу жүргізіліп, республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізімдері бекітілді. 2010 жылы Мәдениет министрлігі «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» және «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» деген бірегей жобалардың тұсаукесерлерін табысты өткізді. Бұл – қазақтың дәстүрлі әуендері дәлме-дәл орындалған туындылардың CD дискілерін жинау, дайындау (өңдеу, жаңғырту, цифрлау) және басып шығару бойынша ауқымды жұмыс болды.

«Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру ұлттық сана-сезім мен танымның сұрауына, қалыптасуына және нығаюына жауап болып, елімізде жаңа мәдени-тарихи ландшафтының құрылуына және қазақстандықтардың өз тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығының артуына үлкен ықпал етті. САСА-ның (Орта Азия қолөнерді қолдау қауымдастығы) 2005 жылғы деректері бойынша Қазақстан дәстүрлі халықтық қолөнерді дамыту және қорғау жөнінде Орталық Азия елдері арасында ең соңғы орын алды. Осы ретте мына жағдайларға тоқталып өткен жөн. ХХ ғасырдың ортасына дейін Қазақстанның ауылдық жерлері халқының көбі киіз басу, кілем тоқу тәрізді дәстүрлі қолөнермен шұғылданды, бүгінде бұл мұраларымызды сақтаушылар саусақпен санарлық қана қалды. Урбанизация процесінің қарқынды жүруіне, жастардың жаппай қалаға ағылуына, түрлі себептермен қолөнер бұйымдарына деген сұраныстың азаюына байланысты дәстүрлі қолөнерді жалғастырушылар саны едәуір кеміді. Қолөнер бұйымдарына деген сұраныс көп жағдайда шетелдік қонақтар тарапынан туындап отыр. Өткен ғасырдың аяғында бірегей қазақ кілемдерін шетелдіктер сатып алып, кейін сыртқа әкеткен.

Дәстүрлі музыкалық аспаптарда күй орындау қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасы болып табылады. Қазақстан аумағында бірнеше күйшілік мектептің бар екені белгілі. Ғалымдардың айтуынша, бұрын түрлі себептерге байланысты күйшілік мектептердің жойылып кеткен жағдайлары болған. Бүгінде Қазақстанда дәстүрлі күйшілік мектептердің бірді-екілі өкілдері ғана қалған. Олар – Арқа күйшілік мектебінің өкілі Ф. Тұтқабеков пен Қ. Сәдуақасов, Маңғыстау күйшілік мектебінің өкілі Ә. Өскенбаев және т.б. Осындай материалдық емес мәдени мұраны сақтаушылардың өмірден озуы

Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасының кейбір түрлерінің жойылуына әкелуі мүмкін. Сақталған күйшілік мектептердің дәстүрін жалғастыру мақсатында аталған күйшілердің ізбасарларын дайындау үшін жағдайлар жасалуы қажет. Осыған орай, материалдық емес мәдени мұраларымызды қайта жаңғырту, қорғау және дамыту мақсатында осы Тұжырымдаманы қабылдаудың қажеттілігі туды. Тұжырымдамада материалдық емес мәдени мұраларымызды қорғау және дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері мен оларды жүзеге асырудың механизмдері көрсетілген. Қазақстан Республикасы халқының материалдық емес мәдени мұрасы ұлттық мәдениеттің аса маңызды құрамдас бөлігі, ұрпақтардың рухани байланысын нығайтатын ұлттық сана-сезімнің негізі бола отырып, Қазақстан мәдениетін қалыптастыруда басты рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2030» Стратегиялық бағдарламасы.
2. Табылдиев Ә. «Қазақ этнопедагогикасы» Алматы 2001ж.
3. «Мәдениет туралы» 3. 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы.
4. history.kz/kz/contents/list/58сайтынан

Секция 5. (ауд.95) Изучение передовых технологий - как фактор развития профессиональной компетентности будущего специалиста.

№	ФИО участника	Тематика	Научный руководитель	Учебное заведение
1.	Максимова А.А.	Использование программы ANSDIMAT при обработке результатов опытно-фильтрационных работ	Кимкина Валентина Михайловна	КГКП «Геологоразведочный колледж» УО ВКО А
2.	Смирнова Е.М.	Использование программы ANSDIMAT при расчете зон санитарной охраны	Кимкина Валентина Михайловна	КГКП «Геологоразведочный колледж» УО ВКО А
3.	Қынырбеков Шерхан Айдынович	Заманауи білім беруде техника жетістіктері мен технологияны тиімді пайдалану болашақ мамандарға сапалы білім беру кепілі	Урунбаева Нурлан Ахметовна	КГКП «Колледж радиотехники и связи»

4.	Салимбаев Жиенгали Демижанович, Уалибеков Алишер Болатбекович	Изучение передовых технологий - как фактор развития профессиональной компетентности будущего специалиста	Турсыбекова Гульнар Уалихановна	КГКП «Геологоразведочный колледж»
5.	Мейрашұлы Дәулетхан	Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда жаңа технологияларды қолдану	Турсыбекова Гульнар Уалихановна	КГКП «Геологоразведочный колледж»
6.	Жаксылыкова Адель	Изучение передовых технологий – как фактор развития профессиональной компетентности будущего специалиста.	Тулеугулова Назерке Аскерхановна	Электронный колледж имени Жакии Чайжунусова
7.	Абдрахманов Анвар Ержанович	Передовые технологии и их роль в развитии профессиональных навыков.	Беспалова Светлана Викторовна	КГКП «Геологоразведочный колледж»
8.	Гимадиева Аяжан	Интернет технологияларды оқу орындарында тиімді пайдалану	Нурланова Жулдуз	Innovative college
9.	Әшір Нариман Серікбосынұлы	Камеры-убежища в подземных горных выработках	Турлыбаева Асия Мырзабековна	КГКП «Геологоразведочный колледж»
10.	Кәрім Жадыра Қуандыққызы	«Methods of uranium extraction with a help of iron nanoparticles» «Метод добычи урана при помощи железных наночастиц»	Турлыбаева Асия Мырзабековна	КГКП «Геологоразведочный колледж»
11.	Мелтаев Адиль	Усовершенствование химического состава промывочной жидкости	Оспанова Айгуль Канатовна	КГКП «Геологоразведочный колледж»
12.	Яровенко Никита Владимирович	Современные направления в развитии геологических исследований	Беспалова Светлана Викторовна	КГКП «Геологоразведочный колледж»

13.	Ондасынова Әлия Айдарқызы	Ақпараттық оқыту технологиясын пайдалану арқылы студенттердің құзіреттілігі мен танымдық белсенділігін қалыптастыру	Садуақасова Анар Толеуқановна	Семейский многопрофильный колледж
14.	Осипова Галина Егоровна	Влияние образовательной технологии на развитие профессиональной компетентности будущего специалиста	Сеитбаева Айдана Бейбитовна	Семейский многопрофильный колледж
15.	Чистякова А.С.	Современное технологическое решение обработки данных разведочной геофизики.	Құрманбаев Шакарим Алтынбекұлы	КГКП «Геологоразведочный колледж»,
16.	Бауыржанқызы А	Озық технологияларды оқыту –болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың алғы шарты.	Халибекова А.Х	КГКП “Колледж радиотехники и связи»
17.	Мельтаев Адиль	Введение работ в нефтегазовой отрасли, отделение нефти от газа применение сепараторов»	Кулжанбеков Жансултан Бейбитович	КГКП «Геологоразведочный колледж»
18.	Серғали Әлихан Жасқайратұлы	Колтюбингтік бұрғылау	Омарбеков Улан Бектурысович	КГКП «Геологоразведочный колледж»
19.	Төлеубаев Мадияр, Имаш Бактияр	Пайдалы қазбаны іздеу мен барлаудың техникасы мен технологиясының жаңа технологиялық үрдістері	Абдильдинов Даурен Серикович	КГКП «Геологоразведочный колледж»

Максүтова А.А.,
КГКП «Геологоразведочный колледж УО ВКО А», г. Семей

Руководитель: Кимкина В.М.

Использование программы ANSDIMAT при обработке результатов опытно-фильтрационных работ.


Цель моего доклада-раскрыть способы использования инновационной компьютерной программы ANSDIMAT при обработке данных опытно-фильтрационных работ.

ANSDIMAT-программный комплекс для аналитической и численной обработки опытно-фильтрационных опробований прямыми и обратными методами. Программный комплекс ANSDIMAT состоит из двух блоков: аналитического и численного. Аналитический блок является инструментом для обработки данных опытно-фильтрационных опробований (ОФО) аналитическими и графоаналитическими способами, а численный предназначен для моделирования опытных опробований в двумерной осесимметричной постановке.


С данной программой, я познакомилась на 3-ем курсе обучения на дисциплине «Подготовка гидрогеологических данных для комплексной обработки ОФР». Что же можно рассказать о возможностях ANSDIMAT с ракурса пользы студентам в обучении?

В первую очередь, надо сказать, что эта программа способна производить расчеты гидрогеологических параметров по любым схемам залегания потока и для этого нет необходимости поднимать «кучу» литературы, искать различные формулы для расчета, достаточно лишь нажатием одной клавиши выбрать необходимую схему.

Например: как вы видите схема артезианских вод или же двухслойный пласт, и таких схем множество, даже для неустановившегося режима фильтрации.



Или такая схема.



Но более подробно, мне бы хотелось поведать о возможностях программы ANSDIMAT при обработке различных видов откачки. Для любого гидрогеолога не секрет, что откачка воды это долгий во временных рамках процесс. Продолжительность откачки может колебаться от нескольких суток, до 4-х месяцев. А теперь, давайте умножим этот промежуток времени на минимум 12 замеров уровня воды в сутки. Недолго считая, выйдет 1440 замеров, представьте себе, что каждый из этих замеров необходимо нанести на миллиметровую бумагу вручную. Конечно, многие скажут, что для облегчения ручного труда есть программа Excel, которая способна строить графики в полулогарифмическом масштабе, как этого требует технология расчета. Но не все так просто... Основным минусом программы Excel является ее нежелание работать с отрицательными числами в логарифмическом масштабе. Программа же ANSDIMAT потратит на построение графиков прослеживания и расчет гидрогеологических параметров не более 10-15ти минут. И это время от начала внесения данных до получения готовых параметров.


Для сравнения представлю графики в программе Excel и ANSDIMAT.




Это график в программе Excel, здесь еще необходимо проводить интерполяцию данных и в ручную считать параметры.

Программа же ANSDIMAT выдает готовый график, на котором нажатием одной кнопки появляется интерполяционная линия и уже рассчитанные параметры подземных вод.

Например, такой



Или такой.



Подводя итог моего доклада, можно сказать следующее. Нашему поколению очень повезло, что мы родились в век компьютерных технологий и множества инноваций. Одной из которых, без сомнения, является программа ANSDIMAT. Эта программа помогла нам при написании курсового проекта, многие улучшили навыки работы с программой в процессе прохождения производственно-технологической практики, а теперь она сослужит нам добрую службу при выполнении и защите дипломного проекта для получения квалификации техника гидрогеолога.

Список литературы:

1. www.ansdimat.com
2. Синдаловский Л.Н. «Аналитическое моделирование опытных опробований водоносных пластов и скважинных водозаборов», Наука 2014
3. Гордеев В.В. и др. «Гидрогеология» В.Ш. 1990 год
4. Биндеман Н.Н. «Поиски и разведка подземных вод для крупного водоснабжения», Недра М. 1969 год
5. Завалей В. А. «Поиски и разведка подземных вод», Алматы 2002 год

Смирнова Е .М.,
КГКП «Геологоразведочный колледж УО ВКО А», г. Семей
Руководитель: Кимкина В.М.

Использование программы ANSDIMAT при расчете зон санитарной охраны.

На практических занятиях по предмету гидрогеология, а так же при курсовом и дипломном проектировании, мы должны освоить навыки и умения по расчету основных гидрогеологических параметров подземных вод, построению графиков прослеживания, расчета и схематического отображения граничных условий обводненного пласта, зон санитарной охраны перспективного водоносного горизонта и многое другое. Это очень кропотливый труд, занимающий огромный объем времени. Большую часть данных заданий помогает реализовать программа ANSDIMAT, значительно сокращая потерю времени .

Эта универсальная программа позволяет нам овладеть следующими компетенциями:

Базовые:

- ❖ Обновлять свои знания и навыки в течение всей жизни;
- ❖ Работать качественно на результат;
- ❖ Собирать и систематизировать необходимую информацию;
- ❖ Пользоваться компьютером, стандартами, инструкциями при оформлении материалов.

Профессиональные:


- ❖ ПК3.3.12 Производить оценку параметров водоносных горизонтов и поверхностных водотоков различными способами.
- ❖ ПК3.3.26–Проводить камеральную обработку полевых материалов, в том числе расчеты и обустройства ЗСО водозаборов
- ❖ ПК3.3.27 Подготавливать данные для обработки результатов исследований на ЭВМ, работать с компьютерными программами MapInfo, Auto CAD, Corel DRAW, ARC View GIS, математическими методами для обработки результатов гидрогеологических и инженерно-геологических исследований

Программный комплекс предназначен для обработки данных различных гидрогеологических работ. Я же хочу подробнее коснуться построения карты изолиний уровней воды и зон санитарной охраны (в дальнейшем ЗСО). Для все не секрет, что питьевое водоснабжение поселков и крупных городов должно проходить при строгом соблюдении санитарных норм и правил. А для этого необходим расчет ЗСО на весь срок


эксплуатации водозабора.

Пример №1

Построение карт гидроизогипс, разрезов и 3D визуализация.




Программа строит карты гидроизогипс и карты равных понижений. Пользователю доступно настройка внешнего вида карт: задание шага изолиний, их цвета, подписи, удаление и добавление отдельных изолиний.




На модельной сетке пользователь задает линии для построения гидрогеологического разреза, на котором показано изменение уровня подземных вод на любой заданный момент времени. На разрезе отображаются геологические слои, опытные и наблюдательные скважины.

Пример №2

Расчет зон санитарной охраны на модуле **AMWELLS**.



Пример расчета первого и второго пояса ЗСО для водозабора, состоящего из двух опытных скважин. Синими изолиниями показаны гидроизогипсы, стрелка – направление фильтрационного потока.



Расчет траектории движения частиц, запущенных из любой точки модельной области. Оценивается время и длина пути миграции.

Перечисленные примеры далеко не полный список возможностей программы ANSDIMAT, огромным плюсом ее так же является возможность в процессе работы создать отчет по проделанным операциям, что облегчает работу в процессе курсового и дипломного проектирования, т.к. отпадает необходимость делать скриншоты графиков и таблиц, а итоговый отчет сохраняется в программе Word.

Исходя из всего выше перечисленного, можно сделать вывод, что программа ANSDIMAT является первой и единственной в своем роде компьютерной программой, которая полностью реализует потребности техника и инженера гидрогеолога в обработке полевых данных и написанию проекта поисково-разведочных работ для целей водоснабжения.

Список литературы:

1. www.ansdimat.com
2. Синдаловский Л.Н. «Аналитическое моделирование опытных опробований водоносных пластов и скважинных водозаборов», Наука 2014
3. Гордеев В.В. и др. «Гидрогеология» В.Ш. 1990 год
4. Биндеман Н.Н. «Поиски и разведка подземных вод для крупного водоснабжения», Недра М. 1969 год
5. Завалей В. А. «Поиски и разведка подземных вод», Алматы 2002 год

Қынырбеков Ш.А.,

«Радиотехника және байланыс колледжі» КМҚК Семей қаласы

Жетекшісі: Урунбаева Н.А.

Заманауи білім беруде техника жетістіктері мен технологияны тиімді пайдалану болашақ мамандарға сапалы білім беру кепілі.

Білім және ғылым саласында заманауи техника жетістіктерімен технологияны тиімді пайдалану терең білім алудың, кәсіби дағдылардың, өзін-өзі дамыту мүмкүндігінің, ақпараттық технологияны терең меңгеру, пайдаланудың, өзгермелі заманға лайықты тұлғаны қалыптастырудың техника мен технология жетістіктерін барынша меңгерген ұстазбен жаңашыл тұлғаны қалыптастыруда сапалы білім кепілі болмақ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8 – бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей, қазіргі таңда әрбір білім алушының алдыны

қойған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа техника мүмкіндіктерін меңгеру. Осы заң аясында білім беру жүйесінің жаңа міндеттерінің бірі инновациялық оқыту технологияларын пайдаланып білім сапасын арттыру болып табылады.

Осы білім беру жолында «мектептің жүрегі – мұғалім» демекші ұстаздардың атқаратын еңбегі ерен болмақ. Ұлы шығыс ойшылы Әбу Насыр Әль – Фараби «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсіне білетін, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын еш нәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да атрибуттарына жирене қарайтын, табиғатынан әділеттілік пен әділдікті сүйіп жақындарына да, жат адамдарға да әділ, жұрттың бәріне өз білгенінше жақсылықпен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деп атап көрсеткендей, ұстаздық шеберлік, мұғалімнің өз пәнін жетік білуі, ойын білім алушыларға жете түсіндіре алуы, білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыра алумен өлшенеді. Ұстаздық шеберліктің негізін ұстаздық тұлғалық сапалары да құрайды. Қазіргі заман талаптарына сай жаңа тұрпаттағы ұстаз – оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін меңгерген, ізденімпаз, кәсіби, жан-жақты жетілген, өз ісін шынайы сүйетін маман, шебер ұйымдастырушы, бағыттаушы және де жетелеуші тұлға. «Қазіргі жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп елбасымыз Назарбаев Н.Ә. айтқандай әрбір жаңашыл ұстаз оқу үрдісінде заманауи жаңа озық технологиялар мен ақпараттық техникаларды пайдаланса, білім сапасы арта түсері сөзсіз.

XXI ғасыр – білім мен ғылымның ғасыры. Біздің қоғамымыз белгілі ғылым мен білім саласында талантты мамандарға және еліміздің жаңа белестерге көтерілуіне білімді азаматтар қажет екенін жақсы түсінеміз. Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және заманауи өндірістерді жұмыс машығын меңгеруге дайын болуға тиіс» - деп айтқандай білім алушылар терең білімді, озық ойлы және өз мамандығын жетік меңгерген болуы керек. Инновациялық педагогикалық технологиялар білім-ғылым саласында қаншалықты маңызды болса, басқа салада да заманауи технологиялар кеңінен қолданылатын болады. Кәсіби құзіретті адам болып қалыптасуы және дамуы үшін білім алушылар заманауи білім беру мен тәрбиелеудегі технологияларды сауатты үйренуі керек деп ойлаймын. Заманауи технологиялар балаға білім мен тәрбие беруді саналы, сапалы етіп, қызығушылықтары мен өміршеңділігін арттырады. Инновациялық технологиялар – заманауи әлеуметтік мәдени жағдайда білім алушының тұлғалық дамуында динамикалық өзгерістер есебінен позитивті нәтижеге жетуге бағытталған тәрбиелеу құралдарының, оқыту тәсілдері мен әдістерінің жүйесі. Менің ойымша, XXI ғасырда білім-ғылымда жаңа инновациялық технология бағытында дамыту – болашақ бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін өте маңызды.

Президент Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиялық Жолдауында: «Біз білім-ғылым-инновациялар үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжып келеміз, біріншіден, бұл – уақыт, қазір инновация заманы, инновация ғасыры» - деп атап көрсеткен болатын. Біз қазір – жаңа ақпараттық кезеңге толықтай көшудеміз, бұл дегеніміз компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық

коммуникациялық технологиялар педагог қызметінің барлық саласына кірігіп, оның табиғи ортасына айналған. «Ұстаз бен оқушы бірге жетіледі: білім беру – жартылай оқумен тең» - демекші жаңа технология, техникамен жұмыс жүргізу оқып меңгерумен қатар тәжірибеде қолдану, шығармашылық бағытта дамыту және нәтиже арқылы іске асырылады.

Заманауи жаңа ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік технология негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Жаңа технология мен техника құралдарын қолдану адамзаттың әр-түрлі саласында, оның ішінде білім беру саласында көптеген өзекті маңыздылыққа қол жеткізіп отырғаны белгілі. Техника жетістігі электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модульдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Білім беруді жетілдіру – коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану. Қазіргі заманғы байланыс құралды бағдарламалық жүйелер мен кешендерді, мультимедианы, телекоммуникацияны, виртуальды, ақпараттар жиыны. Осы техника мен технология жетістігінің нәтижесінде қолданушы қажетті мәліметті өздігінен іздеп табуға талпынады, ізденеді. Сол себепті бұл ең нәтижелі деп ойлаймын, бүгінгі техникамен жабдықталған ғасырда сандық техникалар өте жылдам қарқынмен дамып, оны кез келген салада қолданып, білімімізді тереңдету жолында пайдаланғанымыз аса маңызды. Күнделікті өмірде қолданылып жүрген қазіргі байланыс құралы ұялы телефон туралы айта кетсем.-----

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Атап айтқанымдай қазіргі кезде сандық, нано т.б. технологиялар жылдам даму үстінде. Біздің мемлекетіміз де ғылыми-техникалық үрдістің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңде. «Бір жылға жоспар құрсаң – егін ек, жүз жылға жоспар құрсаң – ағаш ек, ал мәңгілік мұратты көздесең – ұрпақ тәрбиеле» деген ғибрат бар. Бұл жауапкершілігі зор, салмағы ауыр міндет. Өйткені бүгінгі жас буын ел болашағының ертенгі кілті. XXI ғасыр тың идеялар мен жасампаз жаңалықтардың дәуірі демекші, оған лайық білікті маман тәрбиелеу.

Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті болашақ білімді маман қалыптастыруға, ақпараттық технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп тұратын бүгінгі заманға лайықты жаңашыл тұлғаны қалыптастыру. Ал заманауи технологиялар мен техника жетістіктерімен келекшек ұрпақтың жан жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығарашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық – психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы өте көп. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасында «жастарды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, білімділік, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» деп жастарды тәрбиелеудің бағыттарын нақты көресткен. Заман талабына сай сұранысы бар, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеп өсіру ұстаздардың қолында. «Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала – ертеңгі азамат.

Жүрегіміз елім деп соғатын, бәсекеге барынша қабілетті, өнегелі, тәрбиелі болу – біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы 2007ж.
2. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2030» Жолдау.
3. А. Көбесов. Эль – Фарабидің мұралары. Алматы 1989ж.
4. М.Жанпейісова «XXI ғасыр оқытудың инновациялық технологиялары» Алматы 2002ж.
5. Қ.Бұзаубақова. «Қазақстан мектебі» журнал. 2011ж. №9
6. ҚР білім берудегі дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
7. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Жолдауы.

Гимадиева А.М

“Innovative колледж” мекемесі, Семей қ.

Жетекшісі: Нұрланова Ж.Н.

Тақырыбы: ИНТЕРНЕТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Әрбір оқу орнын заманауи ақпараттық технологиясыз елестету мүмкін емес. Сондықтанда, қазіргі әлемдік даму кезеңінде ғаламдық ақпараттық интернет желісі бүкіл әлемдік ақпараттық кеңістіктің ең көлемді және жаппай жайылған сұранысы болып табылады. Сол себепті де интернет технологисының және елімізде интернет көзіне қосылу шараларының барлығы қазіргі таңда еліміздің жаһандану барысына оң әсерін тигізбек.

Интернет деген не - Бір немесе бірнеше мемлекеттің аумағында орналасқан желілер ғаламдық немесе дүниежүзілік желілер деп аталады. Internet – миллиондаған компьютерлерді бір алып желіге біріктіретін, ақпаратқа шексіз қол жеткізу және түрлі адамдармен қатынас жасау мүмкіндігін ұсынатын дүние жүзіндегі ең үлкен және ең танымал желі Internet сөзі тікелей мағынасында халықаралық желі дегенді білдіреді. Internet –бұл дүние жүзіндегі компьютерлер мен серверлер жиынтығы, ал қол жеткізуге болатын ақпарат көлемін тіпті бағалаудың өзі қиынға түседі. Интернетте ең соңғы жаңалықтарды оқып, ауа райы туралы мәлімет алуға, қандай да бір тауарға не ұшақ билетіне тапсырыс беруге, аз ғана уақыт аралығында электрондық пошта арқылы хабарламалар алмасуға, бейнеконференциялар өткізуге және тағы да басқа көптеген мүмкіндіктер ұсынады.

Оқу орындарында жаңа ақпараттық қоғамды қалыптастыру үдерісінде біртіндеп ақпарат тарату және алмасу тәсілдері мен әдістері жаңартылады, уақыт үнемделеді, ұлттық шекаралар мен кедергілер бұзылады, әлемдік ақпараттық кеңістігінің, экономика, сауда, қаржы, адамзат өмірінің басқа салаларының құрылымы түбірімен өзгереді, адамдардың көзқарасы мен адамзат құндылықтарының қарқындылығы, мәдениет пен мәдени моделдердің әмбебаптығы байқалынады, динамизмі жылдамдатылады, бәсекелестік күшейе түседі. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының барлық жерінде компьютерлендіру жұмысы аяқталды. Осы жұмыстардың нәтижесінде Қазақстан Республикасының азаматтары республиканың кез-келген нүктесінде тұруына қарамай жаңадан келген жаңалықтармен таныс болып отыр. Тәжірибеден білетініміздей уақтылы алынған ақпарат - бұл өлшенбейтін байлыққа тең. Осылардан келіп шығатыны ақпараттық

технологияның дамыған ғасырында компьютерлік техниканы қолданбай жұмыс істейтін мемлекеттік және коммерциялық мекемелер, жоғары оқу орындары және т. б. көптеген салалар кемде-кем деп айтсақ та болады. Бұның барлығы білім сапасына деген талаптарды барынша күшейтеді, себебі нарықтық қоғамда тек әлемдік стандарттарға сай жоғары деңгейлі дайындыққа ие мамандар ғана қажет екендігі бірден түсінікті. Соңғы кездердегі ҚР-ның білім жүйесіндегі реформаларын осымен түсіндіруге болады. Оған қоса, қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы аса қуатты интеграциялық процестер жоғары білім жүйесінен сәйкес жауапкершілікті, мамандар дайындауды ұйымдастырудағы халықаралық компоненттерді күшейтуді талап етеді, білім мен ғылымды интернационализациялауды қажет етеді. Қазіргі әлемдік даму кезеңінде ғаламдық ақпараттық интернет желісі бүкіл әлемдік ақпараттық кеңістігінің ең көлемді және жаппай жайылған сегменті болып табылады. Сонымен бірге, уақыт өте, интернет желісі ақпарат алу және алмасудың, сондай-ақ жаппай пайдаланушылардың байланысы үшін ең қол жетерлік құрал болғаны айдан анық.

Интернет қолданушылар жағынан Қазақстан әлемде 144 мемлекеттің ішінде 58 орын алады. ТМД елдері арасында Ресей Федерациясынан кейін екінші орында тұрмыз. Мұның өзі Қазақстан үшін зор жетістік. Себебі, әлемнің көптеген елдерінде интернет жылдамдығы өте төмен көрсеткіште. Инвестиция және даму вице-министрі Асқар Жұмағалиевтың ресми мәлімдеуінше қазіргі кезде Қазақстандықтардың 70% интернет пайдаланады. Яғни, бұл Қазақстандағы 12 млн. адамның интернет қолдануға мүмкіндігі бар деген сөз. Қазіргі таңда республика аумағының 97-98 пайызға жуығы телефон желісімен қамтылған деп есептесек, онда алдағы жылдары ұялы телефон арқылы интернетке кірушілердің қатары көбейері анық [2].

	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016
6-74 жасаралығында Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі	4	8,3	13,7	15,1	18,2	31,6	50,6	61,9	63,3	63,9
6-15 жасаралығында Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі	-	-	-	-	-	-	55,8	32,0	42,5	43,6
16-74 жасаралығында Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі	4	8,3	13,7	15,1	18,2	31,6	49,5	67,9	67,6	68,1

Кесте 1. Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі (пайызбен) [3].

Бүгінгі күні ADSL технологиясын пайдаланатын абоненттер саны бір миллионнан аса адамды құрайды. FTTH (Fiber To The Home) - үйге (жеке/жеке меншік үй, пәтер деп түсініледі) орнатылатын оптикалық-талшықты кәбіл. Оның басты артықшылығы - деректерді берудің, Интернетке қол жеткізудің жоғары жылдамдығы

«Kazakhstan-Online» деректерін берудің ұлттық желісі Қазақстан Республикасының көптеген елді мекенін және тораптарды қамтиды. Желінің жалпы өткізу қабілеттігі - секундтың 698 мбит. «Kazakhstan-Online» желісіне кең жолақты АТМ - желісі болып табылады және АТМ - форумының әлемдік стандарттарына сәйкес. 1999 жылы қыркүйекте «Kazakhstan-Online» желісі базасында «Интернет - аймағы» жобасы коммерциялық пайдалануға берілді. Бұл қызмет түрі Қазақстанның, барлық аумағында Интернетке коммуникациялық қолжетімділік мүмкіндігін ұсынады және ұдайы үйде пайдаланушыларға, сондай-ақ ұйымдардағы жеке пайдаланушыларға арналған. Интернет желісіне қол жеткізу қалалық телефон желісінің арналары бойынша «Kazakhstan-Online»

